

ТІЛІ НЕГЕ КЕШ ШЫҒАДЫ?

5-БЕТ | МӘСЕЛЕ



ҚҰҚЫҚТЫҚ ТӘРТІП ЖӘНЕ ЖАСТАР

6-БЕТ | ҚОҒАМ



АЙТУЛЫ АЙТҰЛЫ

8-БЕТ | МӘДЕНИЕТ

> Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ,
> ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ПРЕЗИДЕНТІ:
>
> Қазақта «Жақсылық жүрген жерде тапшылық болмайды» деген сөз бар. Биылғы «Парыз» байқауына қатысушылар түрлі қайырымдылық шараларға 37 миллиард теңгеден астам қаржы салған. Бұл отандық бизнестің қоғам игілігі үшін аянбай адал қызмет етуге дайын екендігін көрсетеді.

№144
(4888)
Сенбі
6 желтоқсан
2025 жыл

ELORDA AQPARAT

ASTANA AQSHAMY

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ

1990 ЖЫЛҒЫ 13 ҚАЗАННАН БАСТАП ШЫҒАДЫ



КӘСІПКЕРДІҢ ЖЕТІСТІГІ – ЕЛ МЕРЕЙІ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев «Алтын сапа» және «Парыз» сыйлығының лауреаттарын, «Қазақстанның үздік тауары» республикалық көрме-конкурсының жеңімпаздарын марапаттау рәсіміне қатысып, сөз сөйледі. Қоғамдағы әр кәсіпкердің жетістігі ел мерейінің айқын көрінісі екенін айтқан Президент өз кәсібіне адал, іскер және нағыз отаншыл азаматтарды мемлекет әрдайым қолдайтынын мәлімдеді.


ЕЛОРДАҒА КЕЛУШІЛЕР КӨБЕЙДІ

Қазақстандағы өңіраралық көші-қон халықтың өңірлерден мегаполистерге көшуінен байқалып отыр.

Кейінгі 5 жылда Астана қаласында көші-қон өсімі 214627 адамға, Алматы қаласында 179039 адамға, Шымкент қаласында 36349 адамға жетті. Бұл туралы Экономикалық зерттеулер институты хабарлады. Мегаполистерге, ең алдымен, көрші өңірлер мен жұмыс күші шамадан тыс артып кеткен оңтүстік облыстардың тұрғындары көп келетіні белгілі болып отыр.

«2021-2024 жылдар аралығында Астана қаласының көші-қон өсімі Ақмола (12,4%), Қарағанды (10,7%), Түркістан (10,3%), Павлодар (7,6%), Қостанай (7,6%) және Жамбыл (7,5%) облыстарынан келгендер есебінен жоғарылады» делінген Экономикалық зерттеулер институтының хабарламасында.

ЕРІКТІ – МЕЙІРІМ ИЕСІ



БҰҰ Бас ассамблеясының шешімімен әр жылдың 5 желтоқсанында Халықаралық волонтерлер күні аталып өтеді. Жыл өткен сайын біздің елімізде де волонтерлер қозғалысы белсенді және үнемі өсіп келе жатқан үлкен қауымдастыққа айналып отыр. Ериктілер қозғалысы елордамызда ерекше дамып келеді. Сондай-ақ бас қаладағы Белсенді ұзақ өмір сүру орталығының зейнеткерлер қауымы да волонтерлік істің ортасынан табылып жүр.

4



ГОЛОВКИН ЕСІМІ – ДАҢҚ ЗАЛЫНДА

Әйгілі боксшы Геннадий Головкиннің есімі Халықаралық бокс Даңқ залына (International Boxing Hall of Fame) енді. Бұл туралы Қазақстан Ұлттық Олимпиадалық комитеті хабарлады.

Геннадий Головкин – мұндай мәртебеге ие болған Қазақстан тарихындағы алғашқы спортшы.

«Бұл – боксшыға тек жетістіктері үшін берілген марапат емес, әлемдік бокс тарихында терең із қалдырған әрі шаршы алаңнан тыс жерде де спорттың дамуына ықпал етіп келе жатқан тұлғаның еңбегін бағалау. Енді Головкиннің есімі әлемдік бокс тарихын қалыптастырған ұлы тұлғалардың қатарында ресми түрде аталады» делінген хабарламада.

Халықаралық бокс Даңқ залына енген даңқты боксшылардың қатарында Мұхаммед Әли, Майк Тайсон, Флойд Мейвезер және Мэнни Пакьяо бар. Ал әуесқой бокста 350 жекпе-жек өткізіп, 345-інде жеңіске жеткен, кәсіпқой рингте 45 кездесу өткізіп, 42 рет жеңіске жеткен (37-сі нокаутпен) Геннадий Головкин қазіргі уақытта Қазақстанның Ұлттық Олимпиадалық комитетін басқарады. Ол сондай-ақ таяуда World Boxing халықаралық федерациясының президенті болып сайланды.

ЗИЯНДЫ АҚПАРАТТАН ҚОРҒАЙДЫ

«Ашық нормативтік құқықтық актілер» порталында Қазақстанда 16 жасқа толмаған желі қолданушыларын онлайн платформаларда тіркеуге тыйым салатын заң жобасы жарияланды.

Онда «Балаларды денсаулығы мен дамуына зиян келтіретін ақпараттан қорғаудың ерекшеліктері» туралы 10-1-бап келтірілген. Жедел хабар алмасу қызметтеріне тіркелуді есепке алмағанда, норма 16 жасқа толмаған желі қолданушыларына онлайн платформаларда тіркелуге тыйым салады. Түсіндірме жазбада көрсетілгендей, заң жобасының мақсаты – онлайн платформалардағы заңсыз контент көлемін азайту үшін қажетті заңнамалық базаны құру және онлайн платформалар мен масс-медианы дамытуға байланысты заңнаманы жаңарту. Заң жобасын қоғамдық талқылау 29 желтоқсанға дейін жалғасады.

№144 (4888) 06/12/2025 Сенбі

Төлен ТІЛЕУБАЙ



ҚАЗАҚСТАН-ЕО: СЕРІКТЕСТІК СЕРПІНІ

Биыл Қазақстан Республикасы мен Еуропалық Одақ арасындағы Кеңейтілген әріптестік және ынтымақтастық туралы келісімге қол қойылғанына 10 жыл толады. Осыған орай Астанаға Еуропалық Кеңес Президенті Антониу Кошта ресми сапармен келді. Сапар барысында Қасым-Жомарт Тоқаев пен Антониу Кошта келіссөз жүргізіп, екіжақты ынтымақтастықтың даму перспективасын талқылады.



ҚҰРМЕТ ПЕН ТҮСІНІСТІК АРТТЫ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Ақордада елімізге алғаш рет ресми сапармен келген Еуропалық Кеңес Президенті Антониу Коштамен кездесу өткізді. Қазақстан Президенті Кеңейтілген серіктестік және ынтымақтастық туралы келісімге қол қойылғанына 10 жыл толуымен тұспа-тұс келген бұл сапардың символдық мәнге ие екеніне тоқталды. Еліміз – Еуропа Одағымен осындай тарихи келісім жасаған өңірдегі тұңғыш мемлекет.

«Сіздің сапарыңызға ерекше мән береміз. Бұл Қазақстан мен Еуропа Одағы арасындағы сан қырлы ынтымақтастықты одан әрі кеңейтуге қос тараптың да дайын екенін көрсетеді. Біз өзара құрмет пен түсіністікке негізделген берік әрі мазмұнды серіктестікті қолдаймыз. Өзара саяси диалогымыз ортақ мүддемізге сәйкес келетін көптеген бағыт бойынша қарқынды дамып келеді. Осы орайда бірнеше күн бұрын Брюссельде өткен «ЕО – Қазақстан» ынтымақтастық кеңесі отырысының нәтижесіне жоғары баға беремін» деді Мемлекет басшысы.

Еуропа Одағы – Қазақстанның ірі сауда және инвестициялық серіктесі. Былтыр екіжақты тауар айналымы шамамен 50 миллиард долларға жетті. Ал 2005 жылдан бері елімізге келген инвестицияның жалпы көлемі 200 миллиард долларға жуықтады. Еуропа Одағының Орталық Азиямен сауда-саттығының 80 пайызы Қазақстанға тиесілі.

Президент энергетика, көлік, цифрландыру және өнеркәсіп салаларында қызмет ететін 4 мыңнан астам еуропалық компанияның экономикамызға қосқан үлесін атап өтті. Сонымен қатар Қазақстанның еуропалық бизнеске тұрақты әрі ашық инвестициялық климатты қамтамасыз етуге бейіл екенін растады.

Қасым-Жомарт Тоқаев гуманитарлық ынтымақтастыққа айрықша назар аударып, Еуропа Одағының білім беру бағдарламаларына ризашылығын білдірді. Оның аясында 5 мыңнан астам қазақстандық студент пен оқытушы Еуроодақ елдерінде білімін жетілдіріп, тәжірибеден өтуге мүмкіндік алды. Мемлекет басшысы визалық режимді жеңілдету және реадмиссиялар туралы келісім жасауға дайындық жұмыстары басталғанын құптады. Президенттің айтуынша, Қазақстан Еуропа Одағы мен Орталық Азияның С5+ЕО форматындағы белсенді диалогын қуаттайды. Аталған платформа орнықты өсім және өзара байланыс саласындағы ортақ мүдделерді ілгерілетуге жол ашты. Мемлекет басшысы С5+ диалогы аймақты дамытудағы басымдықтарды жүзеге асырудың тиімді тетігіне айналғанын жеткізді.

Антониу Кошта қонақжайлық танытқаны үшін Қасым-Жомарт Тоқаевқа ризашылығын білдірді. Сонымен қатар Қазақстан мен Еуропа арасындағы ықпалдастықтың қарқынды дамып келе жатқанын атап өтіп, Еуроодақтың елімізбен жан-жақты ынтымақтастықты одан әрі тереңдетуге дайын екенін растады.

«Соңғы 10 жылда Еуропа Одағы Қазақстанның ең ірі сауда серіктесіне және шетелдік инвесторына айналды. Өз кезегінде Қазақстан Еуропаға мұнай мен уран жеткізуші елдердің үштігіне кіретін ел ретінде экономикалық қауіпсіздігімізді қамтамасыз етуде негізгі рөл атқарады. Біз қарым-қатынасымызды нығайтудың және экономикалық байланыстарды дамытудың жаңа кезеңіне қадам басамыз» деді Еуропалық Кеңес Президенті.

Мәртебелі мейманның айтуынша, Еуропа Одағы мен Қазақстан БҰҰ Жарғысында бекітілген мультилатерализм мен халықаралық тәртіп құндылықтарына арқа сүйейтін бейбітшілік ұстанымын жақтайды. Еуропалық Кеңес басшысы әлемдегі қауіпсіздікті, тұрақтылық пен өрлеуді қамтамасыз ететін күш-жігер дәл осы қағидатта көрініс тапқанын жеткізді. Антониу Кошта Орталық Азия елдерімен ынтымақтастық қазіргі көпжақты әлемдегі қарым-қатынасты ілгерілетудің маңызды факторына айналғанын атап өтті. Бұл ретте ол Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың Кавказ аймағындағы бейбітшілікті нығайтуға қосқан үлесін жоғары бағалады.

І ДӘРЕЖЕЛІ «ДОСТЫҚ» ОРДЕНІМЕН МАРАПАТТАДЫ

Салтанатты рәсімде Қасым-Жомарт Тоқаев Антониу Коштаның Қазақстан мен Еуропа Одағы арасындағы серіктестікті нығайтуға қомақты үлес қосқанын атап өтті.

«Биыл Кеңейтілген серіктестік және ынтымақтастық туралы келісімнің қабылданғанына 10 жыл толды. Қазақстан мен Еуропа Одағы арасындағы қарым-қатынастың өзегіне айналған бұл маңызды құжат сындарлы әрі болашаққа бағдарланған байланысты бекіте түседі. Президент Кошта мырза, өзара тиімді ынтымақтастықты ілгерілетуге белсене атсалыстыңыз. Сіз – Қазақстанның сенімді досы және әлемдік деңгейдегі көрнекті мемлекет қайраткерісіз. Сіздің парасатты басшылығыңыз бен берік ұстанымыңыз, сындарлы диалог жүргізуге ниет танытуыңыз Еуропадағы бірлікті нығайтуда және әлемдегі барша серіктестермен мазмұнды ынтымақтастықты дамытуда маңызды факторға айналды. Құрметті Президент мырза, Сізге I дәрежелі «Достық» орденін табыстау – мен үшін зор мәртебе. Бұл жоғары награданы Қазақстан мен Еуропа Одағы арасындағы берік достықтың жарқын белгісі, Сізге көрсетілген құрметіміз ретінде қабыл аласыз деп үміттенемін» деді Мемлекет басшысы.

Еуропалық Кеңес Президенті бұл марапатты Қазақстан мен Еуропа Одағы арасындағы берік достық пен сан қырлы ынтымақтастықтың символы ретінде қабылдайтынын жеткізді.

«Көрсеткен құрметіңізге дән ризамын. Мұны сенім мен диалогты нығайтудың, тұрақтылықты, өркендеуді және ашықтықты қамтамасыз етуге ортақ ұмтылысымыздың көрінісі деп бағалаймын» деді Антониу Кошта.

ТАРАПТАР БІРЛЕСКЕН МӘЛІМДЕМЕ ЖАСАДЫ

Мемлекет басшысы Еуропалық Кеңес Президентімен өте нәтижелі келіссөз жүргізілгеніне, кездесу емен-жарқын, достық рәуіште әрі конструктивті сипатта өткеніне тоқталды.

«Қазақстан мен Еуропа Одағын өзара сенім мен түсіністікке негізделген жан-жақты ынтымақтастық байланыстырады. Біз көптеген мәселені қарастырып, серіктестігімізді жаңа әрі сапалы деңгейге шығаруға ниетті екенімізді растадық. Әлгінде айтқанымдай, Президент Антониу Коштаның елімізге сапары Кеңейтілген серіктестік және ынтымақтастық туралы келісімнің 10 жылдығы қарсаңында өтіп отыр. Қазақстан – Орталық Азия елдерінің ішінде «жаңа буын» келісіміне қол қойып, ратификациялаған алғашқы ел. Бұл маңызды құжат екіжақты қарым-қатынастың өрбуіне негіз қалап, сауда, инвестиция, инфрақұрылым, инновация, мәдениет салалары секілді өзара ықпалдастықтың барлық басты бағыттарын қамтыған» деді Мемлекет басшысы.

Қазақстан Президентінің айтуынша, талқылауға арқау болған негізгі тақырып – экономикалық ынтымақтастық.

«Біз сауда-инвестициялық байланыстарды одан әрі арттыруға және әртараптандыруға уағдаластық. Қазақстан алдағы уақытта да еуропалық бизнес өкілдеріне тұрақты әрі ашық инвестициялық климат қалыптастыруды жалғастыра береді. Энергия тиімділігі, аса маңызды минералдар, цифрлық технология және көлік байланысы секілді салаларда ынтымақтастыққа мүмкіндік мол» деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Мемлекет басшысы келіссөз барысында көлік-логистика қатынастарын нығайту жолы, соның ішінде Транскаспий халықаралық көлік бағдарын дамытуға бірлесе күш-жігер жұмылдыру мәселесі қарастырылғанын атап өтті.

«Бұл ретте Қазақстан мен Еуропа Одағы арасындағы үйлестіру платформасының жұмысын, сондай-ақ ЕО-ның «Global Gateway («Жаһандық қақпа») бастамасын құптаймыз. Қазақстан Еуропа Одағының Орталық Азия елдеріне арналған 12 миллиард еуро көлеміндегі инвестициялық пакетіне қолдау білдіреді. Бұл қаржы көлік, шикізат ресурстары, «жасыл» энергетика және цифрлық технология жобаларын іске қосуға бағытталады. Бірлескен күш-жігер арқылы Қазақстанды Еуразия кеңістігіндегі басты көлік тораптарының біріне айналдыра алатынымызға сенімдіміз. Бұл барлық тарапқа да пайдалы. Бұдан бөлек, біз энергетикалық қауіпсіздік пен энергия ресурстарының тұрақты жеткізілімін қамтамасыз ету мүмкіндіктерін талқыладық. Энергетикалық серіктестіктің тың бағыттарында, атап айтқанда, аса маңызды минералдар, атом энергетикасы, мұнай химиясы, сондай-ақ жаңартылатын қуат көздері салаларындағы ынтымақтастықты кеңейтуге уағдаластық. Мақсатымыз – шикізат жеткізіп қана қоймай, Еуроодақ стандарттарына сай табиғи ресурстарды терең өңдейтін жергілікті өндірістерді дамыту, қосылған құны жоғары өнім шығару және қалдықтарды өңдеу арқылы Қазақстанның еуропалық жеткізу тізбегімен интеграциясын күшейту» деді Қазақстан Президенті.

Қасым-Жомарт Тоқаев келіссөз барысында цифрландыру бағытындағы ықпалдастықты арттыруға айрықша мән берілгенін жеткізді.

«Қазақстан мен Еуропа Одағы өзара тәжірибе алмасу және технологияларға инвестиция салу арқылы анағұрлым инклюзивті әрі заманауи цифрлық экономиканы құруға кірісті. Елдеріміз Team Europe Initiative on Digital Connectivity («Еуропа командасының» цифрлық байланыс жөніндегі бастамасы) аясында жерсерік арқылы интернетке қауіпсіз қосылу, әсіресе, ауылдар мен шалғай елді мекендердің ғаламторға қол жеткізуі бойынша әріптестікті жолға қойды. Сондай-ақ Орталық Азия мен Еуропа Одағының алғашқы инновациялық кампусын Astana Hub аумағында орналастыру мүмкіндігін қарастыруға келістік. Бұл стартаптар, технология зерттеушілері және цифрлық сала кәсіпкерлері бас қосатын алаң болмақ. Қазақстан Еуропа Одағының дүние жүзінде қауіпсіз әрі сенімді цифрлық байланысты қамтамасыз етуге бағытталған Horizon Europe бағдарламасы мен Global Gateway тұжырымдамасын жоғары бағалайды. Біз осы үдеріске белсенді атсалысқанымызды мақтан тұтамыз» деді Мемлекет басшысы.

Қазақстан мен Еуропа Одағы БҰҰ Жарғысын және халықаралық құқық нормаларын сақтауға әрдайым бейіл екенін тағы да растады.

«Өңірлер арасындағы ынтымақтастықты дамыту мәселесіне баса мән берілді. Бұл орайда «Орталық Азия – Еуропа Одағы» диалог платформасы өзара байланыс, сауда, көлік, экологиялық таза энергия, су ресурстарын басқару және цифрлық трансформация салаларындағы маңызды міндеттерді шешуде тиімді құралға айналды деп санаймыз. Бұл жолғы кездесу серіктестігіміз жаңа кезеңге қадам басып, стратегиялық маңызға ие бола бастағанын айғақтады. Өзара ынтымақтастығымыздың қарқыны жоғары, келешегі зор. Қол жеткізілген уағдаластықтар көп ұзамай нақты жобалар мен бастамаларға ұласады деп сенемін» деді Мемлекет басшысы.

Антониу Кошта Еуропа Одағы мен Қазақстанның серіктестігі нақты нәтиже беріп отырғанына назар аударды.

«Осы аптада Брюссельде визалық режимді жеңілдету жөніндегі келіссөзді бастадық. Бұл уағдаластық Қазақстан мен Еуропа азаматтары үшін өте маңызды екенін жақсы түсінемін. Келісімге қол қойылғаннан кейін азаматтарымыздың барыс-келісі, алыс-берісі жиілеп, білім алып, жұмыс істеуіне оңтайлы жағдай туады. Бұл халықтарымыз арасындағы достықтың нағыз символына айналады» деді ол.

Еуропалық Кеңес басшысы Самарқанд қаласында өткен «Еуропа Одағы – Орталық Азия» саммитінің нәтижесінде өңіраралық серіктестікті стратегиялық деңгейге жеткізу туралы шешім қабылданғанын атап өтті. Сондай-ақ Антониу Кошта халықаралық тәртіпке қауіп төндірген жаһандық шиеленістер мен қақтығыстар кезеңінде күш-жігерді ортақ мақсатқа жұмылдыру маңызды екеніне тоқталды.

«Өздеріңізге белгілі, Еуропа Одағы соғысты тоқтату үшін Украинамен тығыз қарым-қатынас жасайды. Біз серіктестерімізбен бірге Украинада әділетті және мызғымас бейбітшілік орнату ұстанымын әрдайым қолдаймыз. БҰҰ Жарғысын және халықаралық құқық қағидаттарына негізделген тәртіпті дәйекті түрде қорғап келе жатқан Қазақстан тарапына алғыс айтамыз. Сондай-ақ Қазақстанның өңірлік тұрақтылықты қамтамасыз етудегі белсенді әрі конструктивті әрекетін, атап айтқанда, Сіздің Армения мен Әзербайжан арасындағы қақтығысты реттеуге көрсеткен қолдауыңызды құптаймыз. Бейбіт әрі өркендеген Оңтүстік Кавказ Еуропа мен Орталық Азия арасындағы байланыстарды тереңдетуде аса маңызды рөл атқарады» деді Еуропалық Кеңес басшысы.

Сонымен қатар мәртебелі мейман Қазақстан Президенті жүргізіп жатқан реформаларға жоғары баға берді.

№144 (4888) 06/12/2025 Сенбі

КӘСІПКЕРДІҢ ЖЕТІСТІГІ – ЕЛ МЕРЕЙІ

МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫ ҚАСЫМ-ЖОМАРТ ТОҚАЕВТЫҢ «АЛТЫН САПА» ЖӘНЕ «ПАРЫЗ» СЫЙЛЫҒЫНЫҢ ЛАУРЕАТТАРЫН, «ҚАЗАҚСТАННЫҢ ҮЗДІК ТАУАРЫ» КӨРМЕ-КОНКУРСЫНЫҢ ЖЕҢІМПАЗДАРЫН МАРАПАТТАУ РӘСІМІНДЕ СӨЙЛЕГЕН СӨЗІ

(Соңы. Басы 1-бетте)

ҚАДІРЛІ ҚАУЫМ!
ҚҰРМЕТТІ КӘСІПКЕРЛЕР!

Бүгін еліміздің бизнес қауымдастығы үшін өте маңызды күн деуге болады. Біз биыл да қалыптасқан дәстүрге сай «Алтын сапа», «Парыз», «Қазақстанның үздік тауары» байқауларының жеңімпаздарын марапаттап жатырмыз. Баршаңызды шын жүректен құттықтаймын!

Осы жердегі әр кәсіпкердің жетістігі – ел мерейінің айқын көрінісі. Сіздер сапалы өнім өндіріп, экономиканы дамытуға және халықтың әл-ауқатын арттыруға зор үлес қосып келесіздер. Әлеуметтік жауапкершілікті терең сезініп, қайырымдылық істерге белсене атсалысып жүрсіздер. Бұл өз кәсібіне адал, іскер және нағыз отаншыл азаматтарға тән асыл қасиет деп санаймын. Мемлекет Сіздерге әрдайым қолдау көрсетуге дайын.

Биылдан бастап 29 қазан «Қазақстан кәсіпкерлері күні» болып ресми түрде бекітілді. Сонымен қатар мен жоғары әлеуметтік жауапкершілік танытып, қайырымдылық істерге мол үлес қосқаны үшін еліміздің үздік кәсіпкерлеріне берілетін арнайы марапат – «Мейірім» орденін тағайындау туралы шешім қабылдадым. Келесі жылдан бастап залда отырған бірқатар кәсіпкер осы мәртебелі орденмен марапатталады. Бұл еліміздегі барша бизнес өкілдеріне деген айрықша құрметтің белгісі болмақ.



Бәсекеге қабілетті бизнес – кез келген мемлекеттің тірегі. Биыл Қазақстан экономикасының өсімі 6 пайыздан асады деп болжануда. Бұл – соңғы он жылдағы ең жоғары көрсеткіш. Еліміздің ішкі жалпы өнімі алғаш рет 300 миллиард доллардан аспақ. Өздеріңіз білесіздер, қазір біз инфрақұрылымды дамытуға, экономиканы әртараптандыруға баса мән беріп жатырмыз. Сондықтан Үкімет дайын өнім экспортын арттыру ісімен белсенді түрде айналысуы қажет. Қазіргі таңда бұл салада біраз жетістіктеріміз бар. Өңдеу өнеркәсібіндегі қосымша құн көлемі бес жылда 25 пайыздан астам өсті. Бұл – тау-кен саласынан едәуір жоғары көрсеткіш. Соңғы жылдары негізгі капиталға тартылған инвестиция 70 пайызға көбейді. Нақты 1,5 есе артты, ал шығарылатын өнім көлемі 2,5 есе көбейді. Елімізде жұмыс істейтін азаматтардың жартысына жуығы, яғни 4,5 миллион адам бизнес саласында еңбек етеді. Мен Мемлекет басшысы ретінде шағын және орта бизнесті дамытуға айрықша мән беріп отырмын, негізгі мәселенің бәрі де менің жеке бақылауымда. Үкімет кәсіпкерлікті жандандыру үшін ауқымды жұмыс істеп жатыр, кедергілерді жою үшін нақты шаралар қолдануда. Дегенмен әлі де шешімін таппаған өзекті мәселелер мен түйткілдер аз емес, оны біз ашық түрде мойындаймыз. Ең алдымен, қосылған құны жоғары сапалы өнім өндіретін шағын бизнеске барынша жағдай жасалуы қажет. Мемлекет тарапынан тиісті қолдау көрсете отырып, кәсіпкерлеріміздің өз істерін кеңейтіп, жаңа деңгейге шығуына серпін берген жөн. Мұны кәсіпкерлікті дамыту саясатының маңызды шарты деп айтсақ, артық болмайды. Осы тұста мынадай бірқатар маңызды мәселеге баса назар аударған жөн.

Бірінші. Үкімет жүргізіп отырған экономикалық саясат аясында инфляцияны тұрақтандыру және төмендету, экономиканың орнықты өсімін қамтамасыз ету, сондай-ақ азаматтардың нақты табыс табуына жағдай жасау өте өзекті міндет саналады. Осы бағытта таяуда Үкімет, Ұлттық банк пен Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі 2026-2028 жылдарға арналған бірлескен іс-қимыл бағдарламасын қабылдады. Мен бұл жайында ауыл әкімдерінің диалог-платформасында айтқан едім. Аталған бағдарламаны тиімді жүзеге асыру үшін барлық салалық органдар мен әкімдіктер жұмыла жұмыс істеуі қажет екенін тағы да атап өткім келеді.

Кәсіпкерлер үшін салық, тариф және реттеу саясатының айқын әрі әділетті болғаны ерекше маңызды. Жаңа Салық кодексі мемлекет пен бизнес арасындағы ынтымақтастық моделін жаңғыртады. Кәсіпкерліктің орнықты дамуы өзара міндеттерді орындауға негізделетінін түсінгеніміз жөн. Осы орайда мемлекет қолайлы іскерлік орта қалыптастырады. Ал бизнес салықтан жалтармайды. Бұл дамыған, өркениетті елдердің барлығына тән. Соған қарамастан маған бизнес тарапынан жаңа Салық кодексінің кейбір нормаларын іске асыру мәселесіне қатысты өтініштер түсіп жатыр. Өтініштердің мазмұны баршаға мәлім, олар бұқаралық ақпарат құралдарында жариялануда. Үкімет оларды мұқият саралап, ақылға қонымды шешім табады деп ойлаймын. Анығын айтқанда, басқа жол жоқ. Бұл – мемлекеттік ауқымдағы міндет.

Салықтық әкімшілендіруді жетілдіруге баса мән беру қажет. Аталған мәселені цифрлық құралдар арқылы шешу кәсіпкерлерді алаңдатып отырған көптеген түйткілдің түйінін тарқатуға мүмкіндік береді. Келесі жылы қолданған жөн. Жасанды интеллект технологияларының қарқынды дамуы әлемдік экономиканың түбегейлі өзгеруіне әкеп соғады. Сарапшылардың бағалауынша, жасанды интеллект 2030 жылға қарай әлемдік ішкі жалпы өнімге 17 триллион доллардан 26 триллион долларға дейін пайда әкеліп, 78 миллион жұмыс орнын аша алады. Ал Қазақстан жағдайында цифрландыру мен жасанды интеллектіні енгізу ішкі жалпы өнімге 14 миллиард доллардан 20 миллиард долларға дейін кіріс әкелуі мүмкін. Мұндай болжам бар. Оның қаншалықты дұрыс екенін уақыт көрсетеді. Біз тың мүмкіндіктерді барынша пайдалануымыз керек.

Мен биылғы Жолдауымда осы мәселеге айрықша тоқталдым. Ең алдымен, кәсіпкерлерді қолдау үшін ыңғайлы цифрлық экожүйе қалыптастыру қажет. Қазір EgovBusiness платформасы жұмыс істеп тұр. Соның арқасында мемлекет тарапынан көрсетілетін қызметтер қолжетімді бола түсті. Кәсіпкерлердің жұмысы жеңілдеп, қағазбастылық азайды. Биылдың өзінде осы қосымша арқылы 4,6 миллионнан астам қызмет көрсетілді. Енді платформаны Бизнестің цифрлық картасымен өзара байланыстыру жұмысын аяқтау қажет. Сонымен бірге осы платформаға жергілікті атқарушы органдар көрсететін қызмет түрлерін қосу керек. Бұл шаралар кәсіпкерлердің біртұтас платформа арқылы әртүрлі қызмет алуына мүмкіндік береді. Сондай-ақ платформада жасанды интеллект көмегімен бизнес жүргізуге қатысты толыққанды кеңес алуға болады. Мұндай қадам әкімшілік кедергілерді азайтып, мемлекеттік қолдау шараларының ашық әрі тиімді болуына ықпал етеді.

Үшінші. Экономиканы сапалы дамыту үшін реформаларды жалғастыру керек. Ең алдымен, экономиканың тиімділігі мен әлеуетін арттыру – басты мақсат. Квазимемлекеттік сектор субъектілерін құруға мораторий жарияланды. Бәсекелестік ортаға берілетін 473 нысанның тізімі жасалды. Сарапшылардың есебі бойынша, бұл кәсіпкерлерге шамамен 3,5 триллион теңге пайда табуға мүмкіндік береді. Алдымызда бизнес бетпе-бет келетін әкімшілік кедергілерді азайту міндеті тұр. Бұған дейін заңнаманы түгел тексеріп, оны жетілдіру жөнінде тапсырма берген болатынмын. Ол үшін Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігінің жанынан Интеллект арқылы реттеу орталығы құрылады, Міндетті талаптар тізімі енгізіледі. Сондықтан Үкімет пен бизнес-қоғамдықтың үйлесімді әрекет етуін, әсіресе, цифрлық ықпалдастықты күшейту керек. Кәсіпкерлер бюрократияның азайғанын сезінуге тиіс, яғни бұл өткеннің еншісінде қалуы керек. Үкімет пен қадағалаушы органдарға осындай міндет жүктеймін. Бағаның еркін нарық талаптарына сай қалыптасуы, мемлекет иелігінен жаппай шығару және икемді реттеу саясаты – экономиканың табысты трансформациясының кепілі.

Төртінші. Бизнестің мүддесі мен құқығын қорғау мәселесі – біздің алдымызда тұрған аса маңызды міндет. Соңғы жылдары құқық және сот жүйесін жаңғырту үшін ауқымды жұмыс жүргізіліп жатыр. Әкімшілік әділет институты пайда болды. Бұл бастамалар қазірдің өзінде жақсы нәтиже бере бастады. Сотта қаралған істердің жартысынан көбі азаматтар мен бизнестің пайдасына шешілуде. Бизнесті негізсіз тексерулер мен заңсыз қылмыстық қудалаудың алдын алу бойынша белсенді жұмыс атқарылып жатыр. Экономикалық қылмыстарды декриминализациялау жүргізілді. Мұның бәрі «Заң мен тәртіп» қағидатының орныға түсуіне ықпал етеді. Бас прокуратураның Заңсыз активтерді қайтару жөніндегі комитеті жыл соңына дейін Инвесторлардың құқығын қорғау жөніндегі комитет болып өзгереді. Ірі инвесторларға арналған «Жасыл дәліз» жүйесі іске қосылды. Енді оларға рұқсатнама құжаттары тез берілетін болды.

Мен Жолдауда жаңа инвестициялық кезеңді бастау қажеттігін айттым. Қазір әлемде нарық және капитал үшін талас-тартыс күшейіп барады. БҰҰ Сауда және даму жөніндегі конференциясының (ЮНКТАД) мәліметіне сәйкес, дүние жүзі бойынша тікелей шетелдік инвестицияның нөпірі айтарлықтай бәсеңдеген. 2024 жылы әлемде нақты секторға бағытталған инвестиция көлемі 11 пайызға, яғни 1,5 триллион долларға дейін қысқарған. Басқаша айтқанда, жаһандық инвестиция биыл екінші жыл қатарынан құлдырап барады. Мұның негізгі себебі – үдей түскен геосаяси шиеленіс пен халықаралық жеткізу тізбегінің үзілуі. Сондықтан біз еліміздегі іскерлік ортаны жақсартуымыз керек. Бұл – Үкіметтің алдында тұрған маңызы айрықша мақсат.

Бесінші. Бизнесті мемлекеттік қолдау шараларының тиімділігін арттыру маңызды. Экспорт нарығында бәсекеге түсе алатын, отандық шикізатты пайдаланатын, сондай-ақ озық технологиялар мен инновациялар трансферімен айналысатын кәсіпорындарға басымдық берілуге тиіс. Биыл «Бәйтерек» холдингі арқылы шағын және орта бизнесті қолдау көлемі шамамен екі триллион теңгеге жетті. Тікелей субсидиялаудан гөрі кепілдік беру құралдарына көштік. Осы мақсатта менің тапсырмаммен «Даму» қоры жанынан шағын және орта бизнеске, сондай-ақ ірі инвестициялық жобаларға арналған екі кепілдік қоры құрылды. Аталған бағыт аясында 2229 жобаға жалпы сомасы 400 миллиард теңгеден астам кредит берілді. Оның ішінде 220 миллиард теңгеден астамы мемлекеттік кепілдікпен қамтамасыз етілді. Іскерлік белсенділікті одан әрі ынталандыру үшін шағын бизнесті қолдаудың бірыңғай бағдарламасын жедел қабылдаған жөн. Құжатта өңірлердің ерекшелігі мен кәсіпкерлерді нақты қолдау тетіктері қарастырылуға тиіс.

Жергілікті өнімге, білім мен заманауи технологияға басымдық беру айтарлықтай нәтиже әкелетінін тәжірибе көрсетті. Мысал ретінде Жапонияның халықаралық ынтымақтастық агенттігі (JICA) және «Атамекен» ұлттық палатасының қолдауымен жүзеге асқан «Бір ауыл – бір өнім» жобасын келтіруге болады. Ауыл-аймақтардан осындай ақылға қонымды өтініштер мен ұсыныстар жиі түседі. Мәселен, қой мен ірі қара терісін өңдейтін кәсіпорын ашу туралы бастаманы айтуға болады. Неге екенін қайдам, қанша жыл өтсе де осы шаруаны Үкімет те, бизнес те қолға алмаған. Әйтсе де шағын және орта бизнес бұл кәсіппен айналысуға ниетті. Үкімет ортақ жауапкершілік қағидатына сай мемлекет пен бизнестің тиімді қарым-қатынас жасауына жан-жақты ықпал етуі керек. Бұл ауылдар мен шағын қалалардың дамуына тың серпін береді.



№144 (4888) 06/12/2025 Сенбі



БЕЛСЕНДІ АДАМ ҰЗАҚ ӨМІР СҮРЕДІ

Кеше Астана қаласының Қоғамдық кеңесі «Белсенді ұзақ өмір сүру орталығы» КММ-нің қызметі мен дамуына арналған қоғамдық тыңдау өткізді. Ашық диалог форматындағы іс-шарада қатысушылар орталықтың қазіргі таңда атқарып жатқан жұмысы, әлеуметтік қызмет түрлерін дамыту және тағы да басқа өзекті мәселелерді талқылады.

Райхан РАХМЕТОВА

Тыңдауды Астана қаласы Ішкі саясат басқармасының қолдауымен «Қоғамдық кеңес қызметін ұйымдастыру» жобасы шеңберінде «Белсенді азамат» қоғамдық қоры ұйымдастырды. Тыңдаудың бастамасына қаладағы қарт буын өкілдерінің Қоғамдық кеңестің Telegram-ботына @Qogamdyk_kenes_bot арқылы жолдаған өтінімі себеп болған. Аталған платформа елорда тұрғындарына өз ұсыныстарын тікелей жеткізуге мүмкіндік береді, ал түскен өтініштер кеңестің құзыреті шеңберінде қаралып, ашық талқылауға шығарылады. Өтініште Белсенді ұзақ өмір сүру орталықтары қарияларға қарым-қатынас жасау, денсаулығын нығайту және қоғам өміріне белсенді қатысу үшін маңызды ортаға айналғаны атап өтілген.

– Бұл жолы біз орталықтың жұмысын одан әрі дамыту жайын талқылау үшін жиналып отырмыз. Ашылған уақыттан бері ұйым өзінің тиімділігін көрсетті. Жылдан-жылға қатысушылар қатары артып келеді. Ендеше оның жұмысын жандандыра түсу маңызды. Осы орайда бірқатар мәселе де жоқ емес. Аға буын өкілдері өзін қоғамның маңызды бір бөлігі екенін сезіне түсу үшін бұл жұмыстар жалғаса береді, – деді Астана қаласы Жұмыспен қамту және әлеуметтік қорғау басқармасы басшысының орынбасары Әйгерім Тәңірбергенова.

Жиындағылардың айтуынша, бүгінгі таңда бірқатар практикалық сұрақ туындауда: орталықтар қалай қаржыландырылады, бағдарлама қалай дамиды, елорданың әртүрлі ауданында қатысу қаншалықты қолжетімді, тіркелу тәртібі қандай, сондай-ақ көлік қолжетімділігін және бағыттардың әртараптандырылуын қоса алғанда, бағдарламаларды кеңейту мен қатысушылар санын арттыру мүмкіндігі бар ма деген мәселелер өзекті болып отыр.

Астана қаласы әкімдігінің Белсенді ұзақ өмір сүру орталығы 2022 жылдың 1 қаңтарында құрылған. Ұйым мақсаты – қарт адамдарды белсенді мәдени, шығармашылық, спорттық және іскерлік өмірге тарту арқылы олардың физикалық және психикалық денсаулығын арттыру, әлеуметтік әл-ауқатын және өмір сапасын жақсарту, сондай-ақ қазіргі қоғамда белсенді ұзақ өмір сүру мәдениетін енгізу. Орталықтың қызметіне егде жастағы адамдардың бос уақытын тиімді ұйымдастыру және мәдени демалысын қамтамасыз ету, соның ішінде спорттық-сауықтыру, бос уақытты тиімді өткізуге бағытталған бірқатар бағдарлама, сондай-ақ қауіпсіздік, құқықтық және қаржылық сауаттылық мәселелері бойынша дәріс оқу кіреді. Қазіргі уақытта елордада Алматы, Байқоңыр, Есіл, Нұра, Сарайшық, Сарыарқа аудандарында 6 филиал жұмыс істеп тұр.

– Біздің орталық ашылғаннан бері 18300-ден астам қызмет алушы, яғни егде жастағы адамдар тіркелді. Олар сауықтыру, мәдени және оқу бағдарламаларына қатысып келеді. 6 аудандағы әлеуметтік қызмет көрсету бөлімдерімізге күніне 3000-нан астам адам келеді. 2025 жылдың 11 айында 4694 жаңа қызмет алушы тіркелді. Жалпы орталықтың әлеуметтік қызметін алу үшін келгендерге 497850 қызмет көрсетілді. Жыл басынан бері 646 іс-шара өтті, оларға 32105 адам қатысты. Оған концерт, музейге экскурсия, театрға бару, дәріс, кездесу және басқа да іс-шаралар кіреді, – дейді Астана қаласы әкімдігіне қарасты Белсенді ұзақ өмір сүру орталығының директоры Серік Қарабатыров.

Орталықта зейнеткерлер 24 бағыт бойынша өтетін сабақтарға белсенді қатысады, сондай-ақ 25-тен астам қызығушылық клубы жұмыс істейді. Барлық кабинет қажетті инвентарьмен, соның ішінде тренажерлермен, ұйымдық техникамен және басқа да жабдықтармен толық қамтамасыз етілген.

Барлық аудандағы бөлімдердің орналасуы қолайлы. Тіркеу мекенжайына қарамастан, қарттарға әлеуметтік, мәдени және сауықтыру қызметтеріне тең қолжетімділікті қамтамасыз етеді. Сондай-ақ бөлімдер барлық сабақты өткізуге мүмкіндік беретін жайлы, заманауи жабдықталған әрі функционалды кабинеттермен қамтылған.

Қоғамдық тыңдау қорытындысы бойынша Қоғамдық кеңес нақты ұсыныстар әзірлеп, оларды тиісті мемлекеттік органдарға жолдауды жоспарлап отыр. Тиісті мемлекеттік органдармен бірлесіп, елордадағы қарт азаматтардың мүддесіне қатысты мәселелер кезең-кезеңімен қаралады.

ТӘЛІМГЕРЛІК КЕҢЕС БЕРДІ

Астана қаласы әкімдігінде ҚР Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Астана қаласы бойынша департаменті жанынан құрылған «Тәлімгерлер кеңесі» консультативтік-кеңесші органының кезекті отырысы өтті. Іс-шараға аталған кеңес мүшелері және Астана қаласы бойынша жаңадан тағайындалған басқарма басшылары қатысты.

– «Тәлімгерлер кеңесі» консультативтік-кеңесші органы 2023 жылы құрылып, осы уақытқа дейін өз жұмысын жалғастырып келеді. Кеңес мемлекеттік қызмет ардагерлерінен құрылған. Оның мақсаты – мемлекеттік басқарудағы сабақтастықты қамтамасыз ету, сондай-ақ жаңадан тағайындалған басшылардың кәсіби бейімделуіне практикалық көмек көрсету. Кеңес отырыстары қажетіне қарай өтіп тұрады, – деді Мемлекеттік қызмет істері агенттігі Астана қаласы бойынша департаментінің басшысы Ербол Жолданғар.

Кеңес отырысында жаңадан тағайындалған жергілікті органдардың басшылары өздерінің атқарылған жұмыстары мен алдағы жоспарларын бөліссе, тәжірибесі мол кеңес мүшелері оларға бағыт-бағдар берді.

– Қазір кеңестің 9 мүшесі бар. Бәрі де ұзақ жылдар мемлекеттік қызметте еңбек етіп, үлкен өмір мектебінен өткен. Бұл кісілер қайнаған өмірді көріп, халықтың ішінде жүргеннен кейін, талап-тілегін, ақыл-кеңесін жаңадан тағайындалған басшыларға жеткізеді. Мен Тәлімгерлер кеңесі қажет деп ойлаймын, себебі «Елу жылда ел жаңа» деген, бұрын біз басшы қызметте қызмет етсек, бүгін осы кісілер басшылыққа келіп жатыр. Сондықтан ұрпақ сабақтастығы үшін, тәжірибе бөлісу үшін өте қажет консультативтік кеңес органы деп есептеймін, – деді «Тәлімгерлер кеңесі» консультативтік-кеңесші органының мүшесі Қайыржан Токушев.

Отырыста Астана қаласының Энергетика басқармасы, Астана қаласының Жұмыспен қамту және әлеуметтік қорғау басқармасы, Астана қаласының Қоғамдық денсаулық сақтау басқармасы, Астана қаласының Цифрландыру және мемлекеттік қызмет көрсету басқармасы басшыларының атқарылған жұмыстары туралы есебі және жоспарлары тыңдалды.



ҚҰҚЫҚТЫҚ КӨМЕК КӨРСЕТТІ

Астана қаласы Алматы ауданының прокуратурасы мемлекеттік және құқық қорғау органдарының қатысуымен Теміржолшылар тұрғын алабында «Халық заңгері» акциясын өткізді.

«Заң мен тәртіп» қағидаты аясында өткен іс-шарада тұрғындардың күнделікті өмірде жиі кездесетін мәселелері бойынша тегін заңгерлік көмек көрсетілді. Қатысушылар несие берешегі, алимент дауы, жер және тұрғын үй мәселесі, мұрагерлікке қатысты сұрақтар және басқа да бағыттар бойынша мамандардан кеңес алды. Қабылдауда көптеген мемлекеттік органның өкілдері, атап айтқанда, коммуналдық қызметтердің мамандары, аудан әкімдігінің бөлімдері, полиция басқармасы және аудан прокуратурасы мамандары тұрғындардың заңға қатысты кез келген сұрағына жауап беріп отырды. Ең жиі қойылатын сұрақтар тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жер дауы және басқа да әлеуметтік-құқықтық мәселелерге қатысты болды.

ЗЕЙНЕТКЕР ВОЛОНТЕРЛЕР

Бүгінде Белсенді ұзақ өмір сүру орталығына қарасты «Күміс еріктілер» клубында 100-ден аса зейнеткер бар, олардың орта жас шамасы 61-75 жас аралығында.



Ерікті ата-әжелер Астана қаласында өтетін қайырымдылық акциялары мен экологиялық сенбіліктерге белсене атсалысады, тегін шеберлік сабақтарын өткізіп, ұрпақтар сабақтастығы аясында қала мектептерімен, студент жастармен бірлесіп жұмыс атқарады. Сонымен қатар орталықтың күміс еріктілері «Ұлттық волонтерлік желі» заңды тұлғалар бірлестігімен және «Астана жастары» жастар ресурстық орталығымен меморандум аясында көптеген игі шараны атқарды.

Қаладағы ерікті зейнеткерлер қайырымдылық іс-шараларға жиі тартылады. Мәселен, Нұра ауданының «Күміс еріктілер» клубының мүшелері «Шарапат» қарттар үйінде концерттер, «Жансая», «Нұрлы жүрек» әлеуметтік қызмет көрсету орталықтарында қайырымдылық акцияларын өткізді. Бос уақытында «Күміс еріктілер» клубының әжелері мүмкіндігі шектеулі балаларға арнап киім-кишек тоқып, қолдан сыйлық жасайды. Мәселен, қараша айында Байқоңыр мен Сарыарқа аудандарындағы арт-терапия үйірмесіне қатысатын ерікті әжелер Халықаралық шала туған балалар күніне орай жыл сайынғы игі дәстүрмен «Ана мен бала» орталығына барып, табиғи жүннен өз қолдарымен тоқыған киім-кишекті сыйға тартты.

«Биылғы қайырымдылық шарасына зейнеткерлеріміз ерекше дайындалып, екі ай бойы бас қосып, табиғи жүннен сәбилерге арналған бұйымдар – шұлық, бас киім, пинетка және шағын пледтер тоқыды. Барлық бұйым қолмен жасалып, әрқайсысына жүрек жылуы мен шексіз мейірім сіңген. Елімізде волонтерлер 14 бағыт бойынша волонтерлік жұмыстарға араласса, біздің зейнеткерлер негізгі 3-4 бағытта ерікті түрде, ақысыз қоғам игілігі үшін жұмыс істейді. Алдағы 2026 жыл – «Халықаралық волонтерлер жылы» деп жариялануына байланысты алға қойған арнайы жоспарымыз да бар. Осыған байланысты әлеуметтік қорғау



бағытында салалық волонтерлікті дамыту жөнінде әдістемелік көмек беру үшін арнайы тренинг өткіздік» деп пікір білдірді перспективті даму және әлеуметтік жобалар бөлімінің басшысы Қымбат Тасымова.

Дүниежүзілік еріктілер күніне орай Белсенді ұзақ өмір сүру орталығында 30-ға жуық ерікті зейнеткер марапатқа ұсынылды.

Волонтерлер күніне орай Сарыарқа ауданы бойынша Белсенді ұзақ өмір сүру орталығының еңбек терапиясы бағытындағы ерікті әжелер Ғ.Қайырбеков атындағы №2 мектеп-гимназияның оқушыларына шеберлік сабағын өткізді. Сабақ барысында әжелер қолөнер материалдарын пайдаланып, жаңа жылдық сәндік ойыншықтар жасауды үйретті. Сондай-ақ оқушыларға көркем еңбекке қажетті құралдарды дұрыс қолдану және жұмыс кезінде қауіпсіздік ережелерін сақтауды түсіндірді. Балалар «Ақ қала», жаңа жылдық шырша жасау технологиясымен танысып, сурет салып, бояп, жаңа жылдық ойыншықтарды әсемдеді.

ТІЛІ НЕГЕ КЕШ ШЫҒАДЫ?



Таныс келіншектің 40 жасында дүниеге әкелген бесінші баласы үш жастан асса да тілі шықпады. Алдыңғы төрт баласында ондай қиындық болмаған, олар қалыпты жағдайда дамып, бір жасында былдырлап, екі жаста анық сөйлеген. Ал кенжесі төрттен аса ғана бір жастағы баладай буынға бөлінген дыбыстарды айтуға икемі зорға келген. Сөйтіп логопед, невропатолог дәрігерлерді жағалап, массаж жасайтын емшілерге де жиі барып жүрді. Соңғы жылдары осындай сөйлемейтін ұрпақ көбейгені жиі байқалып, мамандарды да бұл жағдай алаңдатуда.

Райхан РАХМЕТОВА

Қазір адамның дамуына кедергі келтіретін теріс факторлар көбейген дәуірде өмір сүріп жатқандықтан, баланың уақытында сөйлемеу себебін әр нәрсеге апарып тірейміз. Оның ішінде ата-ананың баламен дұрыс сөйлеспеуі, баланы телефон ұстауға ерте бастан үйір қылу, түрлі зиянды тамақ жеу, әйелдің жүктілік кезіндегі жағдайы мен босанған кездегі қиындықтары бар. Ал кей балалар 3-4 жастан асқан соң бірден сөйлеп кетеді, ондай балалардың ата-анасы бұл тұқымында бар ерекшелік екенін, яғни әкесі де солай кеш сөйлей бастағанын айтады. Баласы 4 жастан аса ғана толық сөйлеген бір әріптес сәбиіне «ЗРР», яғни «задержка речевого развития» деген диагноз қойылғанын жеткізді. Кеш сөйлейтін балалардың көбіне осы «сөйлеу қызметінің кеш дамуы» диагнозы қойылады екен.

Болмысына сәйкес, бала 4-6 айында уілдеп «ма-ма, ба-ба» деген сияқты буындарды айтып былдырлай бастайды. Ең алғашқы сөздерін 9-12 айында айта бастауы керек. Ал 1,5 жасқа келгенде оның сөздік қоры 30 сөзге жуықтайды. Екі жасында сөздік қоры 200-ге жетіп, 2-3 сөзден тұратын сөйлем құрастыра алуы тиіс. Осылайша 3 жасында оның сөздік қоры 1000-1500 сөзге жетеді. Бала күрделі сөйлемдерді де қолданып, сұрақ қоя алады. Бауырындағы сәбиінің әр кезеңдегі осындай даму жағдайының кешеуілдеуін ең алдымен анасы байқауы тиіс. 2-3 жасқа дейін сөйлеуін күтіп жүре бермей, мамандарға ертерек қаралса, соғұрлым қиындықтың алдын тезірек алуға болады. Елордалық логопед Ирина Смирнованың айтуынша, мұны көбіне сөйлеткізе алатын ортаның болмауымен байланыстырады.

– Баланың сөйлеуге деген қажеттілігінің болмауы, яғни ата-ана мен баланың арасында сауатты диалогтың жоғы. Анасы сұрағанда бала тіпті ең қысқа «иә», «жоқ» деген сөздермен жауап бермей, сұқ саусағымен көрсетеді немесе қыңқылдай бастайды. Ал ата-анасы әйтеуір баласы жыламаса екен деп, саусақпен көрсеткен кез келген затты алып береді. Бірақ баланы «ол не?», «қайсы?» деген сияқты сұрақтар қойып, сөйлеуге талпындырмайды. Бала өзін сөзсіз түсінгеніне үйреніп алады. Кейде керісінше, ата-анасы немесе тәрбиеші баланың ең алғашқы сөздерін түзеп, дұрыс айтуын талап еткенде бала қате айтудан қорқып, сөйлемей қояды. Сөйлеу қызметіне қатысатын жақ сүйектері мен бұлшық еттерінің жаттықпауы да осы мәселені туындатады. Сонымен қатар баланың тілі бір тілде шыққаны жөн. Жалпы әр баланың жағдайы жеке ерекшелігіне қарай әртүрлі қаралып, соған қарай кеңес беріледі, – дейді логопед.

Тағы бір логопед Майра Болатбекқызы да бұл мәселенің себебін ата-аналар өздерінен іздеуі керек деп санайды.

– Ата-ана баласының сөйлеуіне жағдай жасады ма? Баласын тербетіп отырып, онымен сөйлесті ме, әлди айтып, уілдеген кезінде өзі де қоса сөйледі ме? Соның бәрі маңызды. Ал 2 жасқа дейін баланың тамағы тоқ болса, жыламаса болды деп, қолына гаджет ұстатып, өзі басқа шаруасымен жүрсе, бала физикалық жағынан өскенмен, менталды тұрғыда артта қалады. Бала негізі туа салысымен сөйлеуге талпынып, қадамдар жасайды, яғни іңгәлап жылайды, сосын гуілдейді, біртіндеп былдырлайды, еріндік дыбыстарды айта бастайды. Ең оңай, екі әріптен тұратын дыбыстарды шығарып, алғашқы қарым-қатынасын құруға қадам жасайды. Егер 4 айына дейін осы белгілер болмаса, ең алдымен невропатологқа қарату керек. Бала 2 жаста екі сөздің басын құрап, 3 жаста өз ойын айта алуы тиіс, – дейді ол.

Оның айтуынша, сұқ саусағымен бір заттарды көрсеткен бала сөйлейді деген сөз. Бір өкініштісі, кеш жетіліп жатқан қазіргі көп балаларда сол белгінің өзі жоқ. Сондықтан ата-ана баласының саусағымен көрсеткенінің өзіне шүкір етуі тиіс. Логопедтің баламен жұмысы ең алдымен сенсорлық жүйені дамытудан басталады. Себебі «сөйлемейтін баланың тілі саусағының ұшында» деген сөз бар.

Мақаланың басында айтқан 5 баланың анасы, елордалық Жұлдыз Үкібаева баласы қазір 4 жастан асса да, әлі толық сөйлеп кете алмағанын айтып қынжылды.

– Бұл сөйлемеу деген мәселе қазір өте күрделі болып тұр. Құдды бір эпидемия сияқты. Әр кезеңнің өзінің бір ауруы болады-ау деймін, бүгінгінің дерті осы. Дамуы жай екенін сезсем де, 2,5 жасқа дейін баламның сөйлемегеніне қатты мән бермедім. Анда-мында апарып жүрдім. Жалпы менің түсінгенім – баланы босану кезінде нәресте әртүрлі жарақат алады. Тіпті кесарь тілігімен босандырып алса да сол. Менің толғағым ұзағырақ созылып кетті, бала әрі қарай кетіп қалды, баланы кесарь тілігімен алғанда бір жеріне зақым келді ме, білмеймін. Екі айында денесі сарғайып кетті, менен балаға бір вирус жұқты, өзім анемия болдым, вирус болған соң 2 жасқа дейін жиі ауырдық. Оның үстіне өзі кеш жүрді. Тек массаж жасайтын мамандарға бардық. Нақты емін айтатын орталық жоқ. Әр ата-ана өз білгенімен жүр. Балам қазір өз қатарынан 2 жыл кеш дамуда. Соңғы онжылдықта осы ЗПР, ЗРР, аутизм көбейе түсті. Екінің біріне сондай диагноз қоюда, – дейді ол.

БАЛА ЕКІ ӘРІПТЕН ТҰРАТЫН ДЫБЫСТАРДЫ ШЫҒАРЫП, АЛҒАШҚЫ ҚАРЫМ-ҚАТЫНАСЫН ҚҰРУҒА ҚАДАМ ЖАСАЙДЫ. ЕГЕР 4 АЙЫНА ДЕЙІН ОСЫ БЕЛГІЛЕР БОЛМАСА, ЕҢ АЛДЫМЕН НЕВРОПАТОЛОГҚА ҚАРАТУ КЕРЕК

Әлемде балалардың 5-10 пайызында «ЗРР» диагнозы бар. Бұл ауытқушылық себебінің екі түрі болады. Бірінші биологиялық түрі бойынша 5 себебі, яғни генетикалық ерекшелігі, жүйке жүйесі дамуының органикалық бұзылуы, есту қабілетінің нашарлығы, ерте жасында менингит, энцефалитпен ауыруы, сөйлеу қызметінің аномалиясы болып жіктеледі. Ал екінші түріне әлеуметтік, оған отбасындағы қолайсыз жағдай, баламен сөйлесудің жетіспеушілігі, бала мен ата-ананың арасында көңіл күй байланысының болмауы жатады.

Астана қаласы Денсаулық сақтау басқармасының бас штаттан тыс психиатры, қалалық Психикалық денсаулық орталығы директорының орынбасары Елена Полиенконың айтуынша, «ЗРР» көбіне қыздарға қарағанда ұлдарда жиі кездеседі. Ол да қазіргі балалардың тілінің кеш шығуын алдымен анасының босану кезіндегі жағдайымен, мерзімінен бұрын тууымен, босанып жатқан кезде алатын жарақаттармен байланыстырады. Өзге де себептерін айта келе, дәрігер «ЗРР» бойынша медицина себептерін жоққа шығаратынын жеткізді.

Байқағанымыз, ананың өзі босанбай, кесарь тілігі арқылы босандыру да баланың бойында көптеген ауытқушылықтың пайда болуына себеп. Сондықтан жүкті әйелдің мүмкіндігінше өзі босануына жағдай жасалуы тиіс. Бірақ бізде көп жағдайда ана өміріне қауіп төнбеуі үшін кесарь тілігі арқылы босандыру жиілеп кеткендей көрінеді.

Мамандар көп жағдайда ата-ананы кінәлайды. Өмірге әкелетін ұрпағы үшін алдымен жауапкершілік анасында екені рас. Дегенмен қазір балалардың тілі шықпай, миы дамымай, ақыл-ойының кеш жетілуі белең алды. Бұлай кете берсе, болашақта ел тұтқасын ұстайтын дені сау, ақыл-есі дұрыс ұрпақ азайып, бұл ұлт сапасының нашарлауына әкелері анық. Сондықтан ана мен бала денсаулығына, әсіресе әйелдің жүктілік және босану кезіндегі жағдайына өздері де, мамандар да мұқият болып, денсаулық сақтау саласында бала дамуына қатысты мәселелердің алдын алатын шаралар қабылдануы керек.

ДӘСТҮРДІ ТУРИЗМГЕ БЕЙІМДЕЙІК

«Бабаларымыз осыдан 5 мың жыл бұрын жылқыны қолға үйреткен» деп бәріміз де ауыз құрғатпай айтуға келгенде алдымызға жан салмаймыз. Бірақ сол ұлы істің жалғасын іспен көрсеткенге келгенде аузымызды қу шөппен сүртеміз. Өйткені сол бабалардың бүгінгі ұрпақтары – қозы көрсе қорқып қашатын, құлын көрсе крокодил көргендей үрпиіп, бұзау көрсе құбыжық көргендей шошитын халге түсті.

Шапағат ӘБДІР



Бұрын қазақтың өзі асау, аты жуас еді. Қазір аты асау, халқы жуас. Олай дейтініміз, бүгінде әлем елдері өздерінің ұлттық дәстүрлерін ұтымды пайдаланып, туризмнің басты брендіне айналдырып отыр. Мысалы, Испания халқының әйгілі бұқамен арпалыс дәстүрі (коррида) бүгінде миллиондаған турист тартатын ұлттық шоуға айналған. Бұқаның алдындағы батылдықты, ержүректілікті дәріптейтін мұндай дәстүр елдің рухын, мінезін әлемге паш етіп тұр. Ал Жапония ежелгі самурай дәстүрін, кимоно кию, шай ішу, икебана жасау мәдениетін туризмнің ажырамас бөлігіне айналдырды. Күншығыс елінің тарихын, рухын, тектілігін көргісі келген адам сол дәстүрлерді көру үшін арнайы сапар шегеді. Моңғолия да өз мәдениетінен бренд жасай алған мемлекеттің бірі. Онда жыл сайын өтетін «Наадам» фестивалі – ат жарыс, күрес және садақ атудан тұратын ұлттық ойындардың көрінісі. Бұл мерекеге әлемнің түкпір-түкпірінен туристер ағылып келеді. Олар көшпенділердің тұрмыс-тіршілігін өз көзімен көріп, даланың рухын сезінеді. Сондықтан шынайы туризмді дамытқымыз келсе, қазақтың асауды үйрету, жылқыға шалма салу, арқан лақтыру, теңге ілу мен жамбы ату дәстүрін заманауи шоуға бейімдеп, туристерді қызықтырып ақша табайық. Енді бір жағынан ол қазақтың жауынгерлік дәстүрін жандандырғанымыз болмақ. Егер қазақтың ат үстіндегі осы ойындары шоуға айналып, туризмге бейімделсе, онда ата-бабамыздың ат үстінде баласын жауынгерлікке тәрбиелеу дәстүрі қайта тірілер еді. Балаларымыз әскерге барудан да қашпас еді, бала кезінен ерлік пен батылдықтың не екенін өз көзімен көріп, бойына сіңіріп өсер еді. Сондықтан асауды жуасыту жарысын жыл сайын ұлттық деңгейде ұйымдастырып, оған шетелдік туристерді тарту нағыз рухани және экономикалық серпіліс болмақ.

Мысалы, АҚШ, Канада және Бразилия сияқты елдерде родео фестивальдері арқылы жыл сайын жүздеген миллион доллар пайда түседі. Айталық, Канада жыл сайын өткізетін Calgary Stampede атты халықаралық родео фестивалі арқылы өз мәдениетін әлемге паш етеді. Онда асау атқа міну (Bronc Riding), бұқаға міну (Bull Riding), арқан тастау және ковбой жарысы өтеді. Бұл іс-шара арқылы олар жыл сайын 4 миллионнан астам туристі тартады. 2019 жылы Calgary Stampede-тің жалпы экономикалық әсері – 282 миллион канадалық доллар (CAD), оның ішінде Калгари қаласының тікелей кірісі – 227 миллион CAD. Бұл қаржы, негізінен, қонақүй, тамақтану, тасымал, кәдесый және билет сатудан түскен. АҚШ-тағы ең әйгілі родео жарысында да сондай пайда әкелген. Былтырғы есеп бойынша бұл іс-шараның экономикаға әсері 326,4 миллион АҚШ доллары (USD) деп бағаланған. Бразилия мен Мексикада да солай, родеоның ұлттық нұсқасы – Charreada арқылы милиондар тауып отыр. Ендеше, қазақ, неге осы жолды жалғастырмасқа?..

№144 (4888) 06/12/2025 Сенбі

ҚҰҚЫҚТЫҚ ТӘРТІП ЖӘНЕ ЖАСТАР

«Жаңару» Сыбайлас жемқорлыққа қарсы жалпыұлттық қозғалысы» РҚБ-нің Астана қалалық филиалы елордалық құқық қорғау органдарымен бірлесіп, жастар арасында құқықтық сауаттылық жұмыстарын тұрақты жүргізіп келеді.

ЗАҢ МЕН ТӘРТІП
Қауіпсіз Қазақстан үшін!

Биылғы жылы «Жастардың құқықтық сауаттылығы – сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрестің негізі» арнайы жобасы аясында «Жаңару» РҚБ-нің Астана қалалық филиалының жұмысы жандана түсті. Аудан әкімдерінің бекітілген кестесіне сәйкес жастармен кездесулер, студенттер, оқушылар, олардың ата-аналары үшін диалог алаңдары, спорттық іс-шаралар өткізілуде.

«Құқықтық тәртіп» акциясы аясында «Жаңару» РҚБ белсенділері, қалалық прокуратура, қалалық білім бөлімі, ювеналдық полиция, тұрмыстық зорлық-зомбылық, қалалық ішкі істер бөлімінің нашақорлыққа қарсы күрес бөлімшелері, аудандық ішкі істер бөлімдері, ішкі саясат, жастар саясаты бөлімі, «Қамқоршылық орталығы», БАҚ өкілдерінің қатысуымен, Астана аудандық ішкі істер бөлімінің нашақорлыққа, тұрмыстық зорлық-зомбылыққа қарсы күрес, қоғамдық бірлестігінің өкілдерінің қатысуымен «Құқық тәртібі» акциясы өткізілді. Іс-шара «Жастар арасындағы құқық бұзушылықтың алдын алу» тақырыбында Астана әкімдігінің ресми сайтында жарияланды. Қатысушыларға киберқылмыс мәселелеріне ерекше назар аудара отырып, есірткіге байланысты қылмыстар мен сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарға қатысты тәуекелдері мен қауіптілігі түсіндірілді. Студенттерге прокуратура, танымал блогерлер түсірген бейнероликтер көрсетілді.

«Заң және тәртібі» баяндамасын жүзеге асыру барысында «Жаңару» РҚБ-інің қалалық филиалы белсенділері, әкімдік, прокуратура, полиция қызметкерлері ауданның мектептерінде, колледждерінде, жоғары оқу орындарында осындай іс-шараларды тұрақты түрде өткізіп тұрады. Олар барлығын толғандыратын қылмыс тақырыбы – сыбайлас жемқорлық және оны жеңуде жастардың алатын орны туралы талқыланады.

Кездесуіміздің мақсаты: Жастарға сыбайлас жемқорлықтың не екенін, оның мәнін, себептерін, салдарын түсінуге мүмкіндік беру. Жастардың сыбайлас жемқорлыққа қарсы санасын дамыту неліктен маңызды екенін қарастыру. Қазақстан Республикасында сыбайлас жемқорлыққа қарсы білім мен тәрбиенің қалай жүзеге асырылып жатқанымен танысу. Жастар ұйымдары студенттер мен жас азаматтардың жеке қандай нақты қадамдар мен әрекеттерді жасай алатынын талқыланады.

Сыбайлас жемқорлық деген не?

Сыбайлас жемқорлық – билікті немесе лауазымдық өкілеттікті жеке бас мүддесі үшін теріс пайдалану. Ол парақорлық, артықшылық, қаражатты заңсыз иемдену, ақпаратты жасыру, кері қайтару, непотизм және т.б. көрініс беруі мүмкін. Бұл зиянды, себебі мемлекеттік институттарға деген сенімге нұқсан келтіреді, экономиканы әлсіретеді, теңсіздікке әкеледі, қызмет пен тұрмыс сапасын төмендетеді.

Бұл Қазақстан үшін неліктен маңызды?

Қазақстан Республикасында сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес мемлекеттік саясаттың басым бағыты ретінде танылады. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті дамыту осы



саясаттың негізгі элементтерінің бірі болып табылады. Жастар – қоғамның болашағын қалыптастыратын топ: ертеңгі қоғамның қандай болатынын сіздің құндылықтарыңыз, көзқарастарыңыз және іс-әрекеттеріңіз анықтайды.

Жастарды сыбайлас жемқорлыққа қарсы тәрбиелеудің міндеттері.

Жастарды сыбайлас жемқорлыққа қарсы ресурс ретінде тәрбиелеу кезінде келесі міндеттерді анықтауға болады:

1. Құқықтық сана мен құқықтық мәдениетті дамыту – жастар өз құқықтарын, міндеттерін және сыбайлас жемқорлықтың салдарын түсінуі керек.

2. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы дүниетанымды, адалдық, әділдік, жауапкершілік құндылықтарын дамыту.

3. Студенттер арасында да, олардың болашақ кәсіби өмірінде де сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін тану және оларға әрекет ету қабілетін дамыту.

4. Жастарды белсенді азаматтық ұстанымға, профилактикалық жұмыстарға тарту, мүдделер қақтығысы мен сыбайлас жемқорлық туралы хабарлау.

Қазақстандағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы білім мен тәрбие Қазақстанда мынадай тәсілдер мен тәжірибелер бар. Ол – сыбайлас жемқорлыққа қарсы білім беру, тәрбиелеу педагогтердің, қоғамның және мемлекеттің мүдделері үшін оқыту мен тәрбиелеудің мақсатты процесі.

Білім беру ұйымдарында (мектептерде, колледждерде, университеттерде) сәйкес модульдер мен бағдарламаларды енгізу, іс-шаралар өткізу, сыбайлас жемқорлыққа қарсы тақырыптар бойынша лекциялар, семинарлар, дөңгелек үстелдер, пікірталастар, интеллектуалдық ойындар, квесттер өткізу.

Жастарды сыбайлас жемқорлыққа қарсы науқандар мен жобаларға тарту. Мысал: ресми дереккөздерге сәйкес, 2024-2025 жылдары 7500-ден астам әртүрлі кездесулер, лекциялар, семинарлар және т.б. өткізіліп, 900 000-нан астам азаматтарды, яғни жастарды, бюджеттік сала қызметкерлерін және т.б. қамтылды.

Неліктен жастар?

Жастар жаңа идеяларға, өзгерістерге және инновацияларға көбірек ашық. Олар жаңа құндылықтарды тезірек қабылдайды. Жастар әлі де жаңа көзқарастарды дамытуда, жаңа әдеттерді дәл қазір орнатуға болады. Жастар – болашақтың тірегі. Егер жастар сыбайлас жемқорлыққа қарсы құндылықтарды қабылдамаса, бұл көзқарастар өз жалғасын табады. Көптеген жағдайларда жастардың өздері «сұр аймаққа» тап болады, мысалы, студенттік емтихандар, курстық жұмыстар, мұғалімдермен қарым-қатынас, «рахмет қызметтері» және т.б. Бұл күшті азаматтық ұстанымды дамытуға мүмкіндік береді. Білім беру жүйесі нашарлаған сайын, студенттер әділдікке деген сенімін жоғалтады. Мансаптық мүмкіндіктердің шектеулілігі, ең жақсы оқитындар мен жұмыс істейтіндер емес, «байланыстары барлар». Өмір сүру деңгейінің нашарлауы, сыбайлас жемқорлық тиімсіздікке, ресурстардың жоғалуына және кедейлікке әкеледі. Үкіметке деген сенімдің төмендеуі: цинизм, апатия және азаматтық белсенділіктің төмендеуі дамиды. Қоғам үшін, инвестициялардың азаюы, таланттардың азаюы, теңсіздіктің артуы және әлеуметтік сенімсіздік әкеліп соғады.

Практикалық қадамдар – Біз не істей аламыз?

1. Саналы және сыншыл ұстамы болу. Егер сізге «заңсыз» бонус немесе жеңілдік ұсынылатын жағдайды көрсеңіз немесе жағдай әділетсіз деп санасаңыз, оны қабылдап қана қоймай, талдаңыз: бұл заңды ма?

2. Адал тәжірибелерді қолдаңыз: оқуда, жұмыста және еріктілікте. Егер сіз оқып жатсаңыз, алдамаңыз немесе «рахмет» айтуға келіспеңіз.

3. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-шараларға қатысыңыз: байқаулар, пікірталастар, еріктілік іс-шаралары және науқандар. Тәртіп бұзбау туралы сыныптастармен, мектеп оқушыларымен және таныстарыңызбен сөйлесіңіз.

4. Құқықтық сауаттылығыңызды арттырыңыз, құқықтарыңыз бен міндеттеріңізді, сондай-ақ сыбайлас жемқорлыққа тап болған жағдайда не істеу керектігін біліңіз.

5. Үлгі болыңыз, құрдастарыңызға адалдықтың әлсіздік емес, күштің және болашақтың негізі екенін көрсетіңіз.

Бұл – құндылықтарды, хабардарлықты және азаматтық міндеттемені дамытуға бағытталған жүйелі, үздіксіз күш-жігер. Қазақстанның ресми құжаттарында айтылғандай, сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті және адалдық қағидаттарын қалыптастыру сыбайлас жемқорлықпен тиімді күресудің негізгі элементі болып табылады. Жастар тек «болашақ жұмысшылар» емес; олар бүгінгі белсенді азаматтар, олар әділ, ашық қоғам құруға қатыса алады және қатысуы керек. Біз сіздердің әрқайсыңызды ойлануға шақырамыз. Сіз қандай Қазақстанды көргіңіз келеді? Адал, әділ, ашық па? Онда сіз осы құндылықтарды өмірге әкелетіндер болуыңыз маңызды.

Дәулеткерей РАХМЕТУЛЛИН,
«Жаңару» РҚБ төрағасы орынбасары,
Астана қалалық филиалы директоры

ЖАҢА ПОЭЗИЯ ЖӘНЕ БІЗ...

Сөйтіп, Астана қаласы Тілдерді дамыту және архив ісі басқармасының қолдауымен өтіп жатқан Қазақстан Жазушылар одағы Астана филиалының «Қаламгер ұстаханасы» жобасының биылғы кезеңі белгілі ақын, ғалым Сұраған Рахметұлының «Жаңа поэзия һәм біз» тақырыбындағы қорытынды дәрісімен тәмамдалды.

Шапағат ӘБДІР

Кездесу әдеттегідей филиал төрағасы Бауыржан Бабажанұлының кіріспе сөзімен басталды. Ол биылғы дәрістер топтамасының Сұраған Рахметұлы лекциясымен түйінделетінін атап өтіп, ақынның шығармашылық жолы мен қазақ поэзиясына қосқан үлесіне қысқаша шолу жасап, ақынның поэзиядағы өзіндік мектебін, ғылыми ізденісін, жаңа ой алып келуін атап көрсетіп, қатысушыларды оның дәрісін зейін қоя тыңдауға шақырды.

Ары қарай Сұраған Рахметұлы «Жаңа поэзия» ұғымы төңірегінде кеңінен сөз қозғап, қазіргі поэзияның жай-күйі мен бағыт-бағдарына тоқталды. Оның айтуынша, жаңа поэзия адамзат руханиятының бір биік белесі. Және бұл – XVIII ғасырдың ортасынан бастау алып, XIX ғасырда кемеліне келіп, XX ғасырда шырқау шегіне жеткен ғаламат құбылыс.

«Жаңа дегенді жиі айтамыз, бірақ ескі дәстүрсіз жаңа – құр ұғым. Ескінің бір аты – жаңа. Біздің поэзия – әлемдік кеңістіктегі ең ірі поэзиялардың бірі. Қазақта жыраулар дәстүрі бар, оның арғы жағында тағы да жыраулар бар, тіпті Ғұн дәуіріне дейінгі ерекше руханияттың ішінде қазақ поэзиясындай тамыры кең тараған бірде-бір поэзия жоқ» деп бір тоқталды.

Сонымен қатар, ол бүгінде жаңа әдебиетті жасап жүрген жастарды да атап өтті. Залда отырған ақындар – Ықылас Ожай, Қарлығаш Қаба, Ұмтыл Зарыққан, Тізімбек Анаш, Файзолла Төлтай, Бауыржан Қарағыз секілді бауырларын мысалға келтіріп, олардың поэзиядағы ізденістерін жаңашылдықтың бір көрінісі ретінде атады. Сондай-ақ дәріс барысында әр сөзіне тарихи мысал келтіре отырып, жаңашылдықтың жаспен байланысты екенін де атап өтті.

«Біз он тоғызыншы ғасырдың ортасында өмір сүрген жаңашылдардың жас жағдайларын зерттеп көрдік. Сонда олардың әрқайсысы да қырық неше жасында бар дүниені ақтарып кеткен. Мысалы, Виктор Гюго 82 жыл жасаған. Сол ғұмырының ішінде ол барлық дүниелерін 40 неше жасында жазып бітірген. Өмірінде 79 том қалдырған атақты Виктор Гюго 1970 жылы мен тұрған Баянөлгейде моңғол тіліне аударылды. Қазақшасы – Зауал. Сол менің өлеңіммен тұспа-тұс келді. Өйткені қызық дүние сол кезде социализм, социалистік реализм сияқты қиын жағдайдың ішінде отырған кезімізде қолымызға ұстаған осы бір керемет дүниелер болды. Әлемдік жауһарларды сол кезде тамырымызға жинап соны Тәуелсіз Қазақстанға алып келуге біраз мүмкіндіктер жасаған сияқтымыз деп ойлаймын» деді Сұраған Рахметұлы.

Сонымен қатар, ақын тарихи жад ұғымына да тоқталып, оны ұлттық рухпен байланыстырып, батыс ойшылдарын да мысалға алып, қазақ оқырманына ой сала сөйледі.

«Тарихи жад деген – ғажап дүние. Оны біз ең әуелі қазақтың ұлан-асыр кешкен іздерінен қарап біліп жүрміз. Бір өкініштісі, отырықшылардың тарихын жазған Арнольд Тойнби бар. Ол қазақ тіліне аударылды ма, аударылмады ма, білмеймін. Тарихты оқу үшін біз соны оқуға міндеттейміз. «Өркениет тарихы» бар. Кант жазған, оның ерекше бір таластары бар. Соны да кей жағдайда жастар тереңдеп оқи



алмай жүр ме деген күдігім бар. Бізде жаңа дүние бар ма? Бар болса қайда? Біз тек қана Батысты тілге тиек етіп, соны құндылық ретінде миымызға тоқып алған жоқпыз ба деген күдігіміз бар. Социализм кезінде бізде жалғыз терезе болды. Ол Мәскеуде болды. Сол Мәскеудегі терезеден біз әлемге қарадық. Әлемге қараған кезде де Мәскеудің өзінде үлкен қайшылықтар тұрды. Сол кезде жазушы М.Булгаков «Ит жүрегін» жазды. Набоков те жазып жатты. Сол кездерде біз нені ойладық. Бізде тәуелсіз сана болса дегенді армандадық. Бізде ерекше еркін сана болса деп армандадық. Бізде тәуелсіз сана болғанмен, еркіндік болған жоқ. Сартрдың сөзі бар. Ол рухани еркіндікті айтады. Бір қарағанда, әлемдік ғажаптар Сартрды абсурд ретінде қабылдайды. Есалаң, тағы басқа кезде біздің қолымызға келген атақты Гогольдің «Есалаңның жазбалары» жындының жазбалары. «Мұрын» дегенді білесіздер ғой. «Мұрын» шыққаннан кейін әлемде үлкен үдеріс пайда болды. Огюст Роден деген мүсінші де өзінің мүсінін жасады. Осы жағдайлардың бәрін қарап, екі көзің жаңағы жалғыз терезеден телміріп, енді қайтеміз деп жүрген уақытта Қазақстанның ішкі бұлқынысын көрдік біз» деді ақын.

Жанр мәселесін сөз еткенде ол көптеген жанрлардың жоғалып кеткенін айтып, «Соның ішінде бізге барған үш үлкен поэма болды. Сәбит Мұқановтың «Сұлушашы», Ілияс Жансүгіровтің «Құлагері», Абай өз алдына» деген ақын бұл шығармалар шетелдегі қазақтарға ерекше әсер еткенін атап өтті. Бұдан бөлек ақын жаңа поэзияның

НИЦШЕНІҢ АЙТҚАНЫНЫҢ БІР ЕРЕКШЕЛІГІ – «ҚҰДАЙ ҚАЙТЫС БОЛДЫ» ДЕГЕН УАҚЫТ. ОЛ ҚҰДАЙ ӨЛДІ ДЕП ТҰРҒАН ЖОҚ. ҚҰДАЙҒА ДЕГЕН СЕНІМ ӨЛДІ ДЕП ТҰР. СОНДЫҚТАН ОСЫ СЕНІМНІҢ БАРЛЫҒЫ КЕЗІНДЕ ЖҮЙЕНІҢ ҚҰРБАНЫ БОЛЫП КЕТЕ БЕРДІ

дейді. Кім не айтса да, Сартрдың рухани еркіндігін біз қабылдап, игеріп жүрміз. Ницше айтқаны секілді. Оның айтқанының бір ерекшелігі – «Құдай қайтыс болды» деген уақыт. Ол Құдай өлді деп тұрған жоқ. Құдайға деген сенім өлді деп тұр. Сондықтан осы сенімнің барлығы кезінде жүйенің құрбаны болып кете берді. Сол уақыттарда әрине, қалай біз өмір сүре аламыз, не істейміз, жаңартуды қалай жасаймыз деп ойлайсың. Сол стилі, тілдің тынысы, көркемдік өрнегі туралы ой қозғап қана қоймай, аударма мәселелерін де қаузап, өзге әдеби мұраны қазақы таныммен игеру жайын тілге тиек етті.

Дәріс соңында қатысушылар пікір алмасып, сұрақтар қойып, шығармашылық бағыттар жайында әңгімелесті. Осылайша «Қаламгер ұстаханасы» жобасының биылғы маусымы мазмұнды ой, терең талдау, рухани қозғау салған кездесумен аяқталды.

АСТАНА ҚАЛАСЫ ӘКІМДІГІНІҢ ҚАУЛЫСЫ

27.11.2025 №510-4625

Жер учаскелерін шектеулі пайдалану құқығын (қауымдық сервитут) белгілеу туралы

Қазақстан Республикасының Жер кодексі 69-бабының 4-тармағына, Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы», «Қазақстан Республикасы астанасының мәртебесі туралы» заңдарына сәйкес, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2024 жылғы 25 қаңтардағы № 33 қаулысымен бекітілген Астана қаласының бас жоспарын іске асыру мақсатында, Астана қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. «Астана қаласының Көлік және жол-көлік инфрақұрылымын дамыту басқармасы» мемлекеттік мекемесінің (бұдан әрі – құрылыс салушы) мүддесінде қосымшаға сәйкес «Көшелер» объектісін төсеу және пайдалану үшін Астана қаласы, «Нұра» ауданы, Р. Бағланова, Әнет баба және Е41 (жобалық атауы) төрт бұрышы көшелері мекенжайында орналасқан ауданы 15,0121 га, жер учаскелеріне 3 (үш) жыл мерзімге шектеулі пайдалану құқығы (қауымдық сервитут) белгіленсін.

2. Құрылыс салушы осы қаулы бұқаралық ақпарат құралдарында жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күннен кешіктірмей, меншік иелері мен жер пайдаланушыларға көрсетілген жер учаскелеріне шектеулі пайдалану құқығын (қауымдық сервитут) белгілеу және көрсетілген жер учаскелерінде құрылыс-монтаждау жұмыстарын бастау мерзімдері туралы жазбаша хабарлама жолдасын.

3. Құрылыс салушы жер учаскесін пайдаланғаны үшін (қауымдық сервитут) он жұмыс күні ішінде «Астана қаласының Сәулет, қала құрылысы және жер қатынастары басқармасы» мемлекеттік мекемесімен 13,9925 га мемлекет меншігіндегі жерлерге жер учаскелеріне қауымдық сервитут шартын жасасын.

4. «Астана қаласының Ішкі саясат басқармасы» мемлекеттік мекемесі осы қаулы қабылданған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде оны бұқаралық ақпарат құралдарында жариялауды қамтамасыз етсін.

5. Осы қаулының орындалуын бақылау Астана қаласы әкімінің бірінші орынбасары Н.Ж. Нұркеновке жүктелсін.

Астана қаласының әкімі Ж. Қасымбек

АСТАНА ҚАЛАСЫ ӘКІМДІГІНІҢ ҚАУЛЫСЫ

27.11.2025 №510-4627

Жер учаскелерін шектеулі пайдалану құқығын (қауымдық сервитут) белгілеу туралы

Қазақстан Республикасының Жер кодексі 69-бабының 4-тармағына, Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы», «Қазақстан Республикасы астанасының мәртебесі туралы» заңдарына сәйкес, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2024 жылғы 25 қаңтардағы № 33 қаулысымен бекітілген Астана қаласының бас жоспарын іске асыру мақсатында, Астана қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. «Астана қаласының Көлік және жол-көлік инфрақұрылымын дамыту басқармасы» мемлекеттік мекемесінің (бұдан әрі – құрылыс салушы) мүддесінде қосымшаға сәйкес «Шағын айналма жол V-ші учаске Ш. Бейсекова» объектісін төсеу және пайдалану үшін Астана қаласы, «Сарыарқа», «Есіл» аудандары, Н. Тілендиев даңғылынан бастап Қ. Мұхамедханов көшесіне дейінгі мекенжайында орналасқан ауданы учаске 1 – 11,9862 га, жер учаскелеріне 3 (үш) жыл мерзімге шектеулі пайдалану құқығы (қауымдық сервитут) белгіленсін.

2. Құрылыс салушы осы қаулы бұқаралық ақпарат құралдарында жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күннен кешіктірмей, меншік иелері мен жер пайдаланушыларға көрсетілген жер учаскелеріне шектеулі пайдалану құқығын (қауымдық сервитут) белгілеу және көрсетілген жер учаскелерінде құрылыс-монтаждау жұмыстарын бастау мерзімдері туралы жазбаша хабарлама жолдасын.

3. Құрылыс салушы жер учаскесін пайдаланғаны үшін (қауымдық сервитут) он жұмыс күні ішінде «Астана қаласының Сәулет, қала құрылысы және жер қатынастары басқармасы» мемлекеттік мекемесімен 10,7698 га мемлекет меншігіндегі жерлерге жер учаскелеріне қауымдық сервитут шартын жасасын.

4. «Астана қаласының Ішкі саясат басқармасы» мемлекеттік мекемесі осы қаулы қабылданған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде оны бұқаралық ақпарат құралдарында жариялауды қамтамасыз етсін.

5. Осы қаулының орындалуын бақылау Астана қаласы әкімінің бірінші орынбасары Н.Ж. Нұркеновке жүктелсін.

Астана қаласының әкімі Ж. Қасымбек

Астана қаласы әкімдігінің
2025 жылғы «27»11
№510-4627 қаулысына
қосымша

Шектеулі пайдалану құқығы (қауымдық сервитут) орнатылатын жер учаскелерінің тізбесі

Р/с №	Жер учаскесінің кадастрлық нөмірі	Меншік иесі / жер пайдаланушы	Сервитут шекарасына кіретін жер учаскесінің ауданы (ш.м.)	Жер учаскесінің орналасқан жері	Жер учаскесінің нысаналы мақсаты	Құқығы
1	2	3	5	6	7	8
1.	21-319-010-199	Задорожкина Екатерина Сергеевна	22	Астана қаласы, «Сарыарқа» ауданы, «Достық» ЖГИТК, №338 гараж	Гаражды пайдалану	Жеке меншік
2.	21-319-007-968	«Астана қаласының құрылыс және тұрғын үй саясаты басқармасы» ММ	1447	Астана қаласы, «Сарыарқа» ауданы, Н.Тілендиев даңғылы, №10 ғимарат	Өндірістік және қызметтік бөлмелері бар әкімшілік ғимаратты пайдалану	Ортақ үлестік меншік
3.	21-319-010-161	Джилкайдарова Клара Тулеубаевна	22	Астана қаласы, «Сарыарқа» ауданы, «Достық» гараж кооперативі, №458/1 учаске	Гаражды пайдалану	Жеке меншік
4.	21-319-007-1018	«РЕКЛАМ-СЕРВИС» ЖШС	1,5	Астана қаласы, «Сарыарқа» ауданы, Н.Тілендиев даңғылы мен Ш.Бейсеков көшесінің қиылысы ауданы	Аббаттандыру үшін	Уақытша өтеулі қысқа мерзімді жер пайдалану (17.01.2017 жылға дейінгі мерзімге)
5.	21-319-007-967	«Астана қаласының тұрғын үй және тұрғын үй инспекциясы басқармасы» ММ	8640	Астана қаласы, «Сарыарқа» ауданы, Н.Тілендиев даңғылы, №10 ғимарат	Өндірістік және қызметтік бөлмелері бар әкімшілік ғимаратты пайдалану	Ортақ үлестік меншік
6.	21-319-007-903	Рахимбаева Мейрамкуль Кемельжановна	25	Астана қаласы, «Сарыарқа» ауданы, Н.Тілендиев даңғылы, №10 үй	Газет киоскін орналастыру үшін	Уақытша өтеулі қысқа мерзімді жер пайдалану (25.12.2007 жылға дейінгі мерзімге)
7.	21-319-007-1016	«РЕКЛАМ-СЕРВИС» ЖШС	1	Астана қаласы, «Сарыарқа» ауданы, Н.Тілендиев даңғылы мен Ш. Бейсеков көшесінің қиылысы ауданы	Жарнамалық-ақпараттық нысан	Уақытша өтеулі қысқа мерзімді жер пайдалану (17.01.2017 жылға дейінгі мерзімге)
8.	21-319-007-1131	«Астана - Аймақтық Электржелілік Компаниясы» АҚ	63	Астана қаласы, «Сарыарқа» ауданы, Сүйінбай Ақын көшесі, №91Т құрылыс	ТП-115 трансформаторлық қосалқы станциясын пайдалану	Уақытша өтеулі ұзақ мерзімді жер пайдалану (11.09.2025 жылға дейінгі мерзімге)
9.	21-319-010-071	Степанов Вадим Александрович	22	Астана қаласы, «Сарыарқа» ауданы, «Достық» гараж кооперативі, №572а/1 учаске	Гаражды пайдалану	Жеке меншік
10.	21-319-010-713	Шпаков Вячеслав Владимирович, Шпаков Владислав Владимирович, Шпаков Евгений Валерьевич	28	Астана қаласы, «Сарыарқа» ауданы, «Достық» ЖГИТК, №571А гараж	Гаражды пайдалану	Ортақ үлестік меншік
11.	21-319-007-860	«РЕКЛАМ-СЕРВИС» ЖШС	6	Астана қаласы, «Сарыарқа» ауданы, Авторынок шос.	Билборд	Уақытша өтеулі қысқа мерзімді жер пайдалану (09.11.2012 жылға дейінгі мерзімге)
12.	21-319-007-1017	«РЕКЛАМ-СЕРВИС» ЖШС	1,5	Астана қаласы, «Сарыарқа» ауданы, Н. Тілендиев даңғылы мен Ш. Бейсеков көшесінің қиылысы ауданы	Аббаттандыру үшін	Уақытша өтеулі қысқа мерзімді жер пайдалану (17.01.2017 жылға дейінгі мерзімге)
13.	21-319-010-773	«Астана қаласының жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасы» ММ	22	Астана қаласы, «Сарыарқа» ауданы, «Достық» ЖГИТК, №643/1 гараж	Гаражды пайдалану	Жеке меншік
14.	21-319-010-810	Сутбаев Толеген Картаевич	6	Астана қаласы, «Сарыарқа» ауданы, «Достық» ЖГИТК, №691 б/1 гараж	Гаражды пайдалану	Жеке меншік
15.	21-319-007-957	Юсифова Светлана Абульфазовна	6	Астана қаласы, «Сарыарқа» ауданы, Н.Тілендиев даңғылы мен Баршын көшесінің қиылысы ауданы	Билборд	Уақытша өтеулі қысқа мерзімді жер пайдалану (28.11.2014 жылға дейінгі мерзімге)
16.	21-319-007-013	«КОМЕК МАШИНЕРИ Казахстан» ЖШС	2	Астана қаласы, «Сарыарқа» ауданы, Н.Тілендиев даңғылы, №4 ғимарат	Ғимараттарды пайдалану	Жеке меншік
17.	21-319-007-1002	«Автобусный парк №5 «BUS»» ЖШС	827	Астана қаласы, «Сарыарқа» ауданы, Н.Тілендиев даңғылы	Ауданды аббаттандыру үшін учаскені орналастыру	Уақытша өтеулі қысқа мерзімді жер пайдалану (17.11.2012 жылға дейінгі мерзімге (қала құрылыс басталғанға дейін)
18.	21-319-007-813	«АСТАНА-ҚАМҚОР» ЖШС	598	Астана қаласы, «Сарыарқа» ауданы, Н.Тілендиев даңғылы, №13 ғимарат	Бөлмені пайдалану	Ортақ үлестік меншік

Астана қаласы әкімдігінің
2025 жылғы «27»11
№510-4628 қаулысына
қосымша

Шектеулі пайдалану құқығы (қауымдық сервитут) орнатылатын жер учаскелерінің тізбесі

Р/с №	Жер учаскесінің кадастрлық нөмірі	Меншік иесі / жер пайдаланушы	Сервитут шекарасына кіретін жер учаскесінің ауданы (ш.м.)	Жер учаскесінің орналасқан жері	Жер учаскесінің нысаналы мақсаты	Құқығы
1	2	3	5	6	7	8
1.	21-318-094-955	«МТС Компани Лтд» ЖШС	623	Астана қаласы, «Сарайшық» ауданы, Мичуринец СУИТК, Малая көшесі, №166/1 учаске	Бағбандық	Жеке меншік
2.	21-318-067-1457	Амиров Бауржан Джамбулович	405	Астана қаласы, «Сарайшық» ауданы, Промышленный тұрғын алабы, Бастөбе көшесі, №19/1 үй	Тұрғын үй аумағын күтіп ұстау (құрылыс құқығы жоқ)	Уақытша өтеулі ұзақ мерзімді жер пайдалану (24.03.2021 жылға дейінгі мерзімге)
3.	21-318-067-828	Айдарбекова Айзада Амангельдиевна	818	Астана қаласы, «Сарайшық» ауданы, Промышленный тұрғын алабы, Бастөбе көшесі, №16 үй	Тұрғын үйді пайдалану	Жеке меншік
4.	21-318-067-1553	Игибаева Гульден Айтбаевна	52	Астана қаласы, «Сарайшық» ауданы, Промышленный тұрғын алабы, Бастөбе көшесі, №19В үй	Тұрғын үйді пайдалану	Жеке меншік
5.	21-318-094-1002	«МТС Компани Лтд» ЖШС	712	Астана қаласы, «Сарайшық» ауданы, Мичуринец СУИТК, Малая көшесі, №164/1 учаске	Бағбандық	Жеке меншік
6.	21-318-067-390	Байкасымова Зарипа Утегеновна	1000	Астана қаласы, «Сарайшық» ауданы, Промышленный тұрғын алабы, Бастөбе көшесі, №19/1 үй	Тұрғын үйді пайдалану	Жеке меншік
7.	21-318-067-389	Игибаева Гульден Айтбаевна	153	Астана қаласы, «Сарайшық» ауданы, Промышленный тұрғын алабы, Бастөбе көшесі, №19 үй	Тұрғын үйді пайдалану	Жеке меншік
8.	21-318-067-388	Балкинхоева Марем Халитовна	234	Астана қаласы, «Сарайшық» ауданы, Промышленный тұрғын алабы, Бастөбе көшесі, №17 үй	Тұрғын үйді пайдалану	Жеке меншік
9.	21-318-094-972	«МТС Компани Лтд» ЖШС	776	Астана қаласы, «Сарайшық» ауданы, Мичуринец СУИТК, Малая көшесі, №162 учаске	Бағбандық	Жеке меншік
10.	21-318-094-122	Кожабергенов Абай Солтанович	219	Астана қаласы, «Сарайшық» ауданы, Мичуринец СУИТК, Малая көшесі, №176 учаске	Бағбандық	Жеке меншік
11.	21-318-067-1554	Игибаева Гульден Айтбаевна	99	Астана қаласы, «Сарайшық» ауданы, Промышленный тұрғын алабы, Бастөбе көшесі, №19Б учаске	Тұрғын үйді пайдалану	Жеке меншік
12.	21-318-067-1555	Игибаева Гульден Айтбаевна	644	Астана қаласы, «Сарайшық» ауданы, Промышленный тұрғын алабы, Бастөбе көшесі, №19Г учаске	Тұрғын үй аумағын күтіп ұстау (құрылыс құқығы жоқ)	Уақытша өтеулі ұзақ мерзімді жер пайдалану (26.01.2034 жылға дейінгі мерзімге)
13.	21-318-067-394	«БСК КЗ» ЖШС	469	Астана қаласы, «Сарайшық» ауданы, Промышленный тұрғын алабы, Бастөбе көшесі, №19А үй	Тұрғын үйді пайдалану	Жеке меншік
14.	21-318-067-814	Мукажанова Куралай Жусуповна	115	Астана қаласы, «Сарайшық» ауданы, Промышленный тұрғын алабы, С.Н. Маркова көшесі, №17/2 үй	Тұрғын үйді пайдалану	Жеке меншік
15.	21-318-094-957	«МТС Компани Лтд» ЖШС	521	Астана қаласы, «Сарайшық» ауданы, Мичуринец СУИТК, №168/1 учаске	Бағбандық	Жеке меншік
16.	21-318-067-398	Қозыбаев Баймұхамед Дәрменұлы, Ермаханова Манат Ескендировна	2	Астана қаласы, «Сарайшық» ауданы, Промышленный тұрғын алабы, Бастөбе көшесі, №14 үй	Тұрғын үйді пайдалану	Ортақ бірлескен меншік
17.	21-318-094-1015	«House project» ЖШС	1	Астана қаласы, «Сарайшық» ауданы, Ахмет Байтұрсынұлы көшесі, №20/2 үй	Кіріктірілген бөлмелері мен паркингі бар көппәтерлі тұрғын кешенді пайдалану	Уақытша өтеулі қысқа мерзімді жер пайдалану (09.10.2026 жылға дейінгі мерзімге)
18.	21-318-094-012	«Полиграф pro» ЖШС	1	Астана қаласы, «Сарайшық» ауданы, «Фламинго» бақша кооперативі, Рябиновая көшесі, №3 учаске	Бағбандық	Жеке меншік
19.	21-318-094-1290	«Аксуек-Торе» ЖШС	9	Астана қаласы, «Сарайшық» ауданы, Икарус СУИТК, №78 учаске	Бағбандық	Жеке меншік

АИТВ ТУРАЛЫ СӨЙЛЕСЕЙІК

АИТВ бүгінгі күні әлі де жаһандық қоғамдық денсаулық сақтаудың негізгі мәселелерінің бірі болып қала береді. Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының (ДДҰ) статистикасына сәйкес індет басталғаннан бері әлемде АИТВ-мен байланысты жағдайлардан 42,3 миллион адам қайтыс болған. АИТВ туралы айтылғанмен, адамдардың басым көпшілігі бұл туралы біле бермейді.

Сонымен АИТВ дегеніміз не? АИТВ – адамның иммун тапшылығы вирусы, ол иммундық жүйеге әсер етеді және адамдарды әртүрлі инфекциялардан қорғау жүйелерін әлсіретеді. Вирус иммундық жасушалардың қызметін бұзып әлсіретеді, сондықтан жұқтырған адамдарда біртіндеп иммун тапшылығын дамытады. Иммундық функция әдетте CD4 жасушаларының санымен өлшенеді. АИТВ-инфекциясының ең соңғы кезеңі - жұқтырылған иммун тапшылығы синдромы (ЖИТС), ол әртүрлі адамдарда әртүрлі уақытта, 2-15 жыл арасында дамиды. ЖИТС қатерлі ісіктің кейбір түрлерінің, инфекциялардың немесе басқа ауыр клиникалық көріністердің дамуымен сипатталады.

АИТВ үш жолмен беріледі: парентеральды, жыныстық және анадан балаға, қан, ұрық сұйықтығы, қынаптан бөліну және емшек сүті сияқты жұқтырған адамдардың әртүрлі дене сұйықтықтары арқылы. Адамдар сүйісу, құшақтау және қол алысу, тамақ немесе су ішу сияқты күнделікті жағдайда АИТВ-ны жұқтыра алмайды.

АИТВ жұқтыру қаупін тәуекел факторларының әсерін шектеу арқылы азайтуға болады. Ол факторларға жатады: қорғалмаған жыныстық қатынас; жыныстық жолмен берілетін басқа инфекцияның болуы (мерез, герпес, хламидиоз, гонорея, бактериялық вагиноз және басқалар), инелермен, шприцтермен және басқа инъекциялық жабдықтармен, инъекциялық есірткіні қолданған кезде ерітінділермен бөлісу, қауіпті инъекциялар мен процедуралар, соның ішінде стерильді емес кесу немесе тесу, инемен шаншып жарақат алу, оның ішінде денсаулық сақтау қызметкерлері арасында кездесетін жағдайлар.

АИТВ-инфекциясы диагноз АИТВ-ға антиденелердің болуын немесе болмауын анықтайтын диагностикалық жедел сынақтар (ДЖС) арқылы қойылады. Дереу диагноз қою және емдеу мен күтімді ерте қамтамасыз ету үшін маңызды тест нәтижелерін тапсырған күні алуға болады.

АИТВ-инфекциясын емдейтін дәрі жоқ. Алайда антиретровирустық (АРВ) препараттармен тиімді емдеу арқылы вирусты бақылауға және оның берілуіне жол бермеуге болады, бұл АИТВ-мен ауыратын адамдарға және айтарлықтай қауіп төндіретіндерге белсенді, ұзақ және өнімді өмір сүруге мүмкіндік береді.

Қауіпсіз мінез-құлықты таңдау – бұл өз денсаулығына ғана емес, жақын адамдарына да жауапты әрбір азаматтың саналы шешімі. Астана қаласы, Есенберлин көшесі 5/1, мекенжайы бойынша орналасқан АИТВ инфекциясының алдын алу орталығынан 38-04-64, 38-07-02 сенім телефондары арқылы тегін консультациялар алып, тексеруден өтуге болады.

Д.БЕКСҰЛТАНОВА,
Астана қаласы әкімдігінің «АИТВ инфекциясының алдын алу орталығы» МКҚК ұйымдастыру-әдістемелік бөлімінің дәрігер-эпидемиологы

ХАБАРЛАНДЫРУ

«Астана қаласының Сәулет, қала құрылысы және жер қатынастары басқармасы» ММ Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 30.09.2020 жылғы №505 бұйрығымен бекітілген қала құрылысы жобаларын әзірлеу, келісу және бекіту қағидаларының нормалары мен талаптарына сәйкес қоғамдық талқылаулар өткізілетіні туралы хабарлайды.

Қоғамдық талқылаулар 2025 жылғы 30 желтоқсанда, сағат 10:00-де Республика даңғылы, 32, 1 қабат мекенжайы бойынша өтеді.

Заңды/жеке тұлғалардың өтініштері негізінде қаралатын мәселелер:

1. Астана қаласы, Нұра ауданы, Е684, 27 учаскесінде «Көп қабатты тұрғын-әлеуметтік, тұрмыстық және мәдени тағайындалған ғимаратты салу және пайдалану» нысанының егжей-тегжейлі жоспарлау жобасын әзірлеу туралы, тапсырыс беруші – «Prestige AST» ЖШС.

2. Астана қаласы, Нұра ауданы, Тұран даңғылы мен Сығанақ көшесінің қиылысы ауданында орналасқан «Әкімшілік сауда-ойын-сауық орталығын салу» жобаның егжей-тегжейлі жоспарлауын әзірлеу бойынша, тапсырыс беруші – «Ultra Build» ЖШС.

Дәлелді ескертулер мен ұсыныстар қоғамдық талқылаулар басталған күнге дейін 3 жұмыс күнінен кешіктірілмейтін мерзімде zhanarys.kadyrov@astana.kz электрондық мекенжайға немесе Астана қ., Ә.Мәмбетов к-сі, 24-үй мекенжайындағы ұсыныстар жәшігінде (холл) қолма-қол қабылданады.

АСТАНА ҚАЛАСЫ ӘКІМДІГІНІҢ ҚАУЛЫСЫ

27.11.2025 №510-4628

Жер учаскелерін шектеулі пайдалану құқығын (қауымдық сервитут) белгілеу туралы

Қазақстан Республикасының Жер кодексі 69-бабының 4-тармағына, Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы», «Қазақстан Республикасы астанасының мәртебесі туралы» заңдарына сәйкес, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2024 жылғы 25 қаңтардағы № 33 қаулысымен бекітілген Астана қаласының бас жоспарын іске асыру мақсатында, Астана қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. «Астана қаласының Көлік және жол-көлік инфрақұрылымын дамыту басқармасы» мемлекеттік мекемесінің (бұдан әрі – құрылыс салушы) мүддесінде қосымшаға сәйкес «Ұлы Дала даңғылы, Е542 және А52 көшелері (жобалық атаулар)» объектісін төсеу және пайдалану үшін Астана қаласы, «Есіл» және «Алматы», Ұлы Дала даңғылы, Е542 және А52 көшелері (жобалық атаулары), №38 көшесінен (жобалық атауы) Р. Қошқарбаев даңғылына дейінгі мекенжайында орналасқан ауданы учаске 3 - 2,9713 га, учаске 4 - 4,7537 га, жер учаскелеріне 3 (үш) жыл мерзімге шектеулі пайдалану құқығы (қауымдық сервитут) белгіленсін.

2. Құрылыс салушы осы қаулы бұқаралық ақпарат құралдарында жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күннен кешіктірмей, меншік иелері мен жер пайдаланушыларға көрсетілген жер учаскелеріне шектеулі пайдалану құқығын (қауымдық сервитут) белгілеу және көрсетілген жер учаскелерінде құрылыс-монтаждау жұмыстарын бастау мерзімдері туралы жазбаша хабарлама жолдасын.

3. Құрылыс салушы жер учаскесін пайдаланғаны үшін (қауымдық сервитут) он жұмыс күні ішінде «Астана қаласының Сәулет, қала құрылысы және жер қатынастары

№144 (4888) 06/12/2025 Сенбі

АҚЫНДАР ЖЫРЫНДА – АЙТУЛЫ АЙТҰЛЫ

Кеше елордада Астана қаласы әкімдігінің қолдауымен ұйымдастырылып, көрнекті ақын, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Несіпбек Айтұлының туғанына 75 жыл толуына арналған «Бостандық жырының бозжорғасы» атты республикалық жазба ақындар мүшәйрасының жеңімпаздарын марапаттау салтанаты өтті.



Аманғали ҚАЛЖАНОВ

Іс-шараға Астана қаласы Мәдениет басқармасының басшысы Жаңабай Мейірманқұлов, елорда әкімдігінің өкілдері, ақынның отбасы, белгілі қаламгерлер, зиялы қауым өкілдері, ғалымдар қатысты.

Ұлттық поэзияның өрісін кеңейтіп, азаттық рухын асқақ жырымен айшықтаған көрнекті ақынның мерейтойы аясында ұйымдастырылған бұл республикалық мүшәйра еліміздің әр өңірінен қатысқан талантты қаламгерлердің тың шығармаларын бағамдауға мүмкіндік берді.

Қазылар алқасына белгілі ақын, «Дарын» мемлекеттік жастар сыйлығы мен халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының иегері, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Дәулеткерей Кәпұлы төрағалық етті. Сондай-ақ келіп түскен өлеңдерді көрнекті ақын, Абай атындағы Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты Ғалым Жайлыбай, ақын, сыншы, халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының лауреаты Сұраған Рахметұлы, ақын, ғалым Оңайгүл Тұржан, ақын, филология ғылымдарының докторы, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Жанат Әскербекқызы саралады.

Олардың атынан сөз алған Дәулеткерей Кәпұлы Несіпбек Айтұлының қазақ поэзиясына қосқан үлкен үлесіне тоқталды. Биыл тарлан ақынның мерейтойына орай жерде-жерде түрлі іс-шаралар өткенін айта келе, соның ішінде Семей қаласында еске алу кеші мен Түркістан қаласында аударма кітабының таныстырылымы ұйымдастырылғанын атап өтті. Ақынның отбасы, әріптестері, жақындары атынан осы мүшәйраның өтуіне қолдау көрсеткен Астана қаласының әкімдігіне ерекше алғысын жеткізді.

«Елорда әкімдігі Несіпбек Айтұлының қадіріне жетті. Ақын көзінің тірісінде «Бәйтерекпен» бірге мәуелеп өсті. Астана секілді ақ ордасын талмай жырлады. Небір қаңқу сөздерге дес бермеді. Несіпбек Алашты аяласа, көзінің тірісінде Алаш Несіпбегін аялады. Халқымен бірге жасай беретін ақын Несіпбектей-ақ болар» деді Дәулеткерей Кәпұлы.

Мүшәйраның қорытындысында үшінші орын Қабиден Қуанышбайұлы, Ахат Расул, Ғылымнұр Кәдірбай, Әсел Оспан секілді төрт ақынға берілді. Екінші орынды Елена Әбдіхалықова, Мирас Асан және Бауыржан Игілік иеленді. Бірінші орын жүлдесін Ұларбек Нұрғалым мен Наурызбек Сарша, бас жүлдені көрнекті ақын, Абай атындағы Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты Серік Ақсұңқарұлы мен Мұрат Шаймаран бөлісті.

Сондай-ақ алты ақынға ынталандыру сыйлықтары тапсырылды. Мүшәйра жүлдегерлері өлеңдерін оқыды. Серік Ақсұңқарұлы естеліктерді айта келе, Несіпбек Айтұлымен қазақ поэзиясына қатар келгенін жеткізді.

«Несіпбек поэзияға қазақ жырының уызына қанып келді. Біздің тіліміз жартылай қазақша, жартылай орысша шықты. Ал ол нағыз қазақ ақыны болды. Оның әнге жазған мәтіндері қазақ музыкасына Ақан Серінің, Біржан салдың кезіндегі ұлттық әуенді қайта алып келді» деді Серік Ақсұңқарұлы.

Ақын сөзінің айғағындай, дәстүрлі әнші Өзгеріс Шерікбай Несіпбек Айтұлының сөзіне жазылған әндерді әуелетті. Айта кетерлігі, сондай-ақ кеше Еркеғали Рахмадиев атындағы Мемлекеттік академиялық филармонияның концерт залында «Дариға - дәурен» атты ақынды еске алу кеші өтті.

«АСТАНА – КҮЙ ҚАНАТЫНДА»

Елордада ұлттық домбыра дәстүрін дәріптеуге арналған күй анасы Дина Нұрпейісова атындағы III қалалық «Астана – күй қанатында» домбырашы-күйшілер фестивалі өтті. Достық үйінде осынау маңызды мәдени іс-шараның қорытындысы шығарылды. Фестиваль «Күй анасы» республикалық қорының бастамасымен және Астана қаласы әкімдігі Ішкі саясат басқармасының қолдауымен өтті. Биылғы байқауға 14-18 және 19-35 жас аралығындағы 76 үміткер қатысып, бақ сынады.



«Бұл фестиваль – жас домбырашылардың өнерін шыңдауға үлкен мүмкіндік беретін маңызды алаң. Қатысушылардың орындаушылық деңгейі жылдан жылға өсіп келеді. Күй – ұлттың жаны, ал бүгінгі ұрпақтың осы өнерге деген талпынысы бізді қуантады. Биыл байқауға студенттермен қатар бакалавриат пен магистратурада оқитын орындаушылардың қосылуы, сондай-ақ Ілияс Жансүгіровтің «Күйші» поэмасынан үзінді оқу ұсынылуы өнерпаздардың шығармашылық ой-өрісін тереңірек бағалауға жол ашты. Келер жылы бұл байқауды республика көлемінде өткізуді ұйғарып отырмыз» дейді республикалық «Күй анасы» қоғамдық қорының басшысы, профессор Төлеген Қуанышев.

Ұйымдастырушылардың айтуынша, фестиваль жас орындаушылардың шығармашылық дамуын қолдап қана қоймай, ұлттық өнерге деген қызығушылықты арттыруға да зор үлес қосқан. Қонақтар қазақтың күйшілік мұрасын жас таланттардың орындауында тамашалау мүмкіндігіне ие болды. Байқау нәтижесіне сәйкес, 14-18 жас аралығында бірінші орынды Дәуір Рахметулла, екінші орынды Айнара Мұхтарова, ал үшінші орынды Таймас Даму иеленді. Ал 19-35 жас санатында бірінші орын Аяулым Асқарбаеваға, екінші орын Дана Дидарға, үшінші орын Думан Ақанға бұйырды.

«Байқауға қатысып, жеңімпаз атанғаныма өте қуаныштымын. Мен алты жасымнан бері домбыра тартамын. Осындай додада өнер көрсетуге мүмкіндік берген ұйымдастырушыларға алғыс білдіремін» деді байқаудың жеңімпазы Аяулым Асқарбаева.

ҒАЖАЙЫПҚА СЕНДІРЕТІН ҚОЙЫЛЫМ

Сіз өмірде ғажайып бар екеніне сенесіз бе? Ал сол ғажайыпты адам өз қолымен жасауы мүмкін екеніне ше? Бұл сұрақтарға жауапты жуырда елордалық М.Горький атындағы мемлекеттік академиялық орыс драма театрында премьерасы өткен режиссёр Гүлназ Балпейісова сахналаған «Ғажайыпты орнатқан немесе махаббат деген немене?!» атты музыкалық драмасын көргенде анық сезінуге болады. Американдық драматург Уильям Гибсонның шынайы өмірге негізделген пьесасы көрерменді алғашқы минуттарынан-ақ өз әлеміне тартады.



Америка. Алабама штаты. XIX ғасырдың соңы... Сахна шымылдығы Келлерлер отбасындағы қуаныш - нәрестенің дүниеге келуімен ашылады. Көп ұзамай бұл көрініс тағдырдың қатал сынағына ұласады. Небары бір жарым жасында ауыр дертке шалдыққан Хелен Келлер көру және есту қабілетінен айырылады. Қараңғылық пен үнсіздіктің ішінде өсіп келе жатқан қыздың мінезі қыңыр, ашушаң, ырыққа көнбейтін сипатқа ие болады. Ата-анасының шектен тыс аяушылығы тәрбиеге кедергі келтіріп, Хеленді одан әрі тұйық әлемге қамайды.

Қыздарын емдету жолындағы отбасының ұзақ ізденісі оларды Балтимордағы белгілі дәрігер Чизхолмға алып келеді. Дәрігер Хеленмен жұмыс істеуді өзінің көмекшісі, тағдыр тауқыметін ерте тартқан, көзі нашар көретін 20 жасар Анни Саливанға жүктейді. Дәл осы сәттен бастап қойылымдағы негізгі драма – екі қайсар жанның қақтығыстан басталатын күресі көрініс табады: бірі – тұйық әлемге қамалған Хелен, екіншісі – сол әлемнің есігін ашуға бел буған Анни.

Гүлназ Балпейісованың режиссурасы өзіндік қолтаңбасымен ерекшеленеді. Минимализмді ұстана отырып, ол әр детальға символдық мән жүктейді.

Декорация ықшам, артық ештеңе жоқ. Сахнаның шектеулі кеңістігі Хеленнің тұйықталған әлемін дәл бейнелейді. Орталықтағы ширмалардың баяу жылжуы уақыттың, орын ауысуының, көңіл-күйдің өзгерісін білдіреді.

Жарық – бұл спектакльде сөзсіз сөйлейтін актер іспетті. Бұлыңғыр жарық Хеленнің тұйық әлемін жеткізсе, кенеттен өшуі оның бойындағы үрей мен белгісіздікті паш етеді. Жарық қоюшы Нарек Туманяннның жұмысы қойылымның драматургиялық әсерін күшейткен.

Музыкалық сүйемелдеудің орны ерекше. Фортепианодан ағылған жанды әуен көріністердің драматизмін тереңдетіп, кейіпкерлердің айтылмаған эмоциясын жеткізеді. Актриса Әсел Красникова сахнада рөл сомдап қана қоймай, музыкалық партияны да жоғары деңгейде алып шығады. Әуен бірде баяу, бірде екпінді, кейде үзіліп қалған тынысқа айналып, оқиғаның мазасыз да нәзік табиғатын ашады.

Костюмдер де қарапайым, табиғи. Ақ пен қара түстердің алмасуы спектакльдің психологиялық астарына дәл қызмет етеді. Авансценада тұрған су колонкасы алғашында жай реквизит көрінгенімен, финалға қарай символдық маңызы айрықша артады. Құбырдан шынайы судың ағуы, Хеленнің «су» деген сөзді тануы – бүкіл қойылымның кульминациясы. Бұл сәтте залдағы көрерменнен шыққан күрсініс, қозғалыстың тоқтауы, көз жасының көрінуі катарсистің анық белгісі екені сөзсіз. Бұл тек сөзді түсіну емес, қараңғылықтан жарыққа шыққан адамның жеңісі деп біледі. Актёрлік ойын – спектакльдің жүрегі.

Анни Салливан рөліндегі Полина Харламова образға қажетті қаталдық пен жан жылуын үйлестіре білген. Оның ішкі жинақылығы, қажуы мен жігері, мейірімі мен ашуы нанымды жеткізілген. Актрисаның пластикасы мен сөйлеу мәнері образды тірілтіп, көрерменге терең әсер сыйлайды.

Хелен Келлер рөліне арнайы таңдалған Гүлнара Есентаева – спектакльдің ең сәтті шешімдерінің бірі. «Қанаттылар» инклюзивті театрының актрисасы ретінде оның тәжірибесі рөлдің шынайылығын ерекше күшейтеді. Үш сағатқа жуық уақыт бойы бірде-бір сөзсіз, тек қимыл, пластика мен мимика арқылы ойнау – актерлік шеберліктің шыңы ғана емес, адами да ерлік.

Екінші құрамдағы Айжұлдыз Бағланова да образды кәсіби биікте сомдап, өзіндік қырынан аша алған. Хеленнің ым-ишара мен саусақ әліпбиіне негізделген ойыны спектакльдің әсерін тереңдетеді. Спектакль соңында бүкіл труппаның саусақ тілімен синхронды түрде ән орындауы – ерекше көркем шешім, тілсіз түсінісу мүмкіндігінің айқын көрінісі.

Қойылым бастан-аяқ сурдоаудармашы Айдана Жапарованың аудармасымен жүреді. Бұл есту қабілеті нашар көрермендерге театр кеңістігін толыққанды қабылдауға мүмкіндік беріп, қойылымның гуманистік миссиясын күшейтті.

Жұлдыз ҚАПЕЗОВА,
К.Байсейітова атындағы Қазақ ұлттық өнер университетінің студенті

Редакция қолжазба иелерінің пікірлері мен көзқарасын бөлісуі шарт емес.

Газет ҚР Ақпарат және коммуникациялар министрлігінің Ақпарат комитетінде 23.05.2018 ж. тіркеліп, №17120-Г куәлігі берілген.
Меншік иесі: «Elorda Aqparat» ЖШС
Директор – **Олжас СЫДЫҚБЕК**

Бас редактор – **Еркін ҚЫДЫР**

Бас редактордың орынбасары – **Ғалым ҚОЖАБЕКОВ**

Газетте жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.

Газет сейсенбі, бейсенбі және сенбі күндері шығады.

Жарнама мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауап береді.

Газет «ASTANA AQSHAMY» газеті редакциясының компьютерлік орталығында теріліп, қатталды.
Тираж – 5 100. Апталық таралымы – 15 300
Тапсырыс № 144
Баспахана: Астана қаласы, Сілеті көшесі, 30-үй
«Медиа-холдинг «ERNUR» ЖШС

Редакция мекенжайы:
010000, Астана қаласы,
Достық көшесі, 13, «Нұрсая-2» ТК

Va-reklama@mail.ru
aqsham1990@mail.ru

Кезекші редактор – Айгүл УАЙС